[5] Kostiner, Joseph. The United States and the Gulf States: Alliance in Need //Middle East Review of International Affairs. – 2008. - Vol.2. № 4.

REFERENCES

- [1] Byman L. Daniel, Green D. Jerrold. Political Violence and Stability in the States of the Northern Persian Gulf. -NY.: Rand Corporation, 2009. P. 24-43.
[2] Sick, Gary G. The Coming Crisis in the Persian Gulf. In: The Persian Gulf at the Millennium: Essays in Politics, Economy, Security, and Religion. New York, 2007. P. 17.
[3] Foreign investment.Arabia in the Media. Produced by Movement for Islamic Reform in Arabia (MIRA). Access mode: www.arabia.org. Accessed 12.1.2017.
[4] Al-qiwa al kharidjia val nustakbal. *Al-Islakh*. 2006. №5 [in Arab.].
[5] Kostiner Joseph. The United States and the Gulf States: Alliance in Need. *Middle East Review of International Affairs*. 2008. Vol.2, № 4.

ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ ЕЛДЕРІНДЕГІ САЯСИ ЭЛИТА МЕН ДІНИ ОППОЗИЦИЯ

Бакыт К.,

«Халықаралық қатынастар» мамндығының магистранты,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан,
e-mail: bakytov.k.a@gmail.com

Тірек сөздер: Парсы шығанағы, оппозиция, үкімет, саяси элита, монархия, мұнай, Сауд Арабиясы Королдығы, экстремизм.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада Парсы шығанағы елдеріндегі саяси элита мен діни оппозиция мәселелері қарастырылады. Аймақ елдерінің басым көпшілігі

монархиялық тәртіпте. «Араб көктемi» және соңғы халықаралық жағдай көрсеткендей Парсы шығанағы елдері айтарлықтай экономикалық дамығандығына және елдегі әлеуметтік жағдай үкімет бақылауында болғандығына қарамастан аймақтағы жағдай ушығып кетуі мүмкін. Парсы шығанағы елдеріндегі оппозиция негізін діни топтар құрайды, атап өтсек бұл Саудия Арабиясын мен Бахрейндегі шиғалық топтар. Сонымен қоса соңғы кездегі экономикалық қиындықтарға да шолу жасалды. Монархтың шексіз билігіне қарамастан аймақ елдеріндегі қазіргі жағдайға наразылық көбеюде. Сонымен қоса билік үшін күрес саны көп тақ мұрагерлері арасында болуы да ықтимал.

Статья поступила 02.03.2017 г.

DYNAMICS OF INTERETHNIC RELATIONS AND SOCIO-CULTURAL DETERMINANTS IN KAZAKHSTAN

Baiserkenova L.M.,

2-d year Graduate Student on “International relations” specialty, Ablai Khan Kazakh University of International Relationships and World Languages,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: lagyl.baysenkenova.93@mail.ru

Keywords: interethnic relations, the Eurasian space, cultural features, national policy.

Abstract. The article explores contemporary forms of interethnic relations in Kazakhstan. The peculiarities of the formation and development of the culture of interethnic relations in the society in the era of globalization are analyzed. Particular importance is given to the analysis of the activities of public structures in establishing interethnic and inter-confessional dialogue and interaction.

ӘОЖ 323.1 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ

Байсеркенова Л.М.,

«Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ, Алматы, Қазақстан,
e-mail: lagyl.baysenkenova.93@mail.ru

Тірек сөздер: ұлтаралық қатынастар, Еуразия кеңістігі, мәдени ерекшеліктер, ұлттық саясат.

Аңдатпа. Мақалада Қазақтың этникалық болмысы соңғы ғасырларда осы Еуразиялық сипаттардың, құндылықтық бағдарлардың барлық қырларын бойына жинақтаған халықтардың қатарына жататыны айқындалады. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі қоғамдағы этносаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері талданады. Қазақ халқы еліміздегі негізгі мемлекет қалыптастырушы этноәлеуметтік субъект болғандықтан, оның этникалық әлеміне қатысты мәдени-философиялық проблемалардың үнемі ғылыми сарапталып отырылғаны жөн.

Қазақстан Еуразиялық кеңістікте орналасқан, әрі әлемдік ірі мемлекеттер арасында территориясы бойынша тоғызыншы орын алатын ел болғандықтан, оның өзіндік әлеуметтік сипаттамасын беру қажеттілігі туындайды. Батыс пен Шығыстық мәдени үлгілерді

салыстыру және жақындату арқылы көптеген мінез-құлық пен таптаурындар жүйесін анықтауға болады. Әрине, этникалық айырмашылық әлемде өзінің ерекшеліктерін әзірге сақтап тұрғаны да белгілі. Жалпы Еуразиялық менталитет Батыстық пен Шығыстық ділдердің аралығында пайда болған әлемді бейнелеудің ерекше сипаты екенін атап өтуге болады. Қазақтың этникалық болмысы соңғы ғасырларда осы Еуразиялық сипаттардың, құндылықтық бағдарлардың барлық қырларын бойына жинақтаған халықтардың қатарына жатады. Оның тарихи, мәдени және географиялық себептері де бар. Бірақ Ресей сияқты Қазақстанды да «таза» еуразиялық мемлекет деп айтуға да асығуға болмайды. Себебі біздің діни көзқарастарымыз бен ежелгі түркілік діліміз өзіндік ерекшеліктерімізді танытатынын ескеруіміз қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Еуразиялық кеңістіктің тарихи-мәдени негіздерінің табиғи-объективті қырларына, оны сараптаушылардың пікірлеріне тоқталып өтеміз [1].

«Еуразиялық мемлекет, – деп жазды орыс ойшылы П.Савицкий өткен ғасырда, – үнемі өзін «ұлттардың жиынтығы» және «сенімдердің жиынтығы» ретінде түсінді, яғни оның бастауы «көшпенді державалар тарихында ертерек қалыптасқан сабырлылықтың өзіндік формуласы бойынша тілдер мен сенімдердің алуан түрлілігінсіз мемлекет нашар» болып табылады дегенде жатыр [2]. Еуразияшылдықтар ұлттық (тілдік) мәселеде де, діни мәселеде де еркіндік принципін насихаттайды, өйткені еуразиялық мемлекеттіктің өмір сүруінің бір ғана мүмкін формасы – кең ұлттық және діни сабырлылық болып табылады деген түсініктер басымдық танытып келді [3]. Еуразияның тұтастығы, оның мәдени-тарихи бірлігі туралы айтқанда, бұл мәдени-өркениеттік типтің көшпенділік тамыры туралы міндетті түрде сөз қозғалуы керек. Оның үстіне Л.Н.Гумилев өзінің «Еуразия ырғақтары» деген еңбегінде «Ұлы даланың көшпенділері адамзаттың тарихы мен мәдениетінде еуропалықтар мен қытайлардан, мысырлықтардан, ацтектер мен инктерден бір де кем емес рөл атқарды. Тек олардың бұл рөлі, басқа да әрбір этностың немесе суперэтностың рөлі сияқты, ерекше, төлтума болды және ұзақ уақыт бойы оның құпиясы танылмай келді», – деп атап көрсетті [4]. Еуразиялық тұтастықтың тарихи негіздерін қалыптастыруда, осы біртұтас коммуникативті кеңістікті ұстап тұруда көшпелі өркениет орасан зор мәнге ие болды деген тұжырымды білдіруге болады.

Неоеуразияшылдықтың көрнекті өкілі А.С.Панарин болып табылады. Еуразияшылдық құбылысы ол үшін XX ғасырдағы үлкен державаға қажетті мессиандық идеяны қалыптастыруға байланысты ұмтылыстарына сәйкес өзекті. А.С.Панарин американизмге ең біріншіден оның идеологиялық мәні тұрғыдағы тұжырымдарына қарсы сынын бағыттайды. Қазіргі қоғам тұтынушы қоғам идеологиясына және оған байланысты батыс елдердегі басымдық танытатын

тұжырымдарға қарсыласуы қажет. Заманауи еуразияшылдықтың позитивті идеясы – тұтынушылық пен материалдық өндірістен маңыздырақ болатын рухани жетілудің, адами қалыптасудың үстемдігін бекіту болып келеді. Неоеуразияшылдық идеологиясының басқа бір қырын танытатын идеясы – этатизм (мемлекеттің қоғамдағы негізгі субъект ретіндегі мәртебесін көтеру) болып табылады. Ал енді ұлттың әлеуметтік ортадағы қызығушылығын, мүддесін сақтайтын тәсіл ретінде мемлекеттік рухты бекіту қажеттілігі алға тартылады, А.С.Панариннің тұжырымдауы бойынша, индивидуализмнің, яғни дарашылдықтың үстемдігіне осындай түсініктер тосқауыл бола алады [5].

Қазіргі еуразияшылдық идеясының негізгі өлшемі, жаңа еуразияшыл И.Б.Орлованың пайымдауынша, келесідей өзіндік схемада көрініс береді: континентальді, яғни құрлықтық (еуразиялық) тұтастықты, оған кіретін өзіндік этно-психологиялық қауымның ерекшеліктерін мойындай отырып, Н.С.Трубецкой айтқанындай, бөлектенген, яғни жекеленген ұлттың ұлтшылдығынан гөрі жалпы еуразияшыл ұлтшылдықтың үстемдігі; Ресей – Еуразияның тарихи дамуының өзіндік логикасы болып табылады, ол өз кезегінде, көп ұлтты құрылымның дәстүріне сәйкес келетін және де табиғи-климаттық, географиялық бірліктің рухына айналады; басқа өркениет пен мәдениетке деген төзімділікке; ғылым мен техниканың жемістерімен өзара алмасуына жол ашуға да болады, бірақ өзінің идеологиясын (П.Савицкий) және өзінің (еуразияшылдық) тарихи-мәдени мағынасын қатаң сақтай отырып, басқа сөзбен айтқанда, рухани тазалығы мен әділдікті жоғалтып алмай, өркениет жетістіктерін іштей електен өткізіп, вестернизациясыз модернизациялану, яғни жаңару, жаңғыру қажет [6]. Жоғарыдағы тұжырымдардың негізгі бағыт-бағдарында қазіргі замандағы Батыстың мәдениетінің ықпалына тәуелді болмауға тырысушылық болғанымен, дегенмен, Ресейді Еуразиялық жүйедегі басты орталыққа, жүйені қалыптастырушы күшке балау да басымдау болып отыр.

Қазақстандық философ К.Котошева өзінің ұлт мәселесі бойынша ізденістерінде атап көрсеткендей, Еуразиялық феноменінің ерекшелігі төмендегі қасиеттерден байқалады: Шығыс пен Батыстың дүниетанымы көшпенділер мәдениеті арқылы синтезге, өзара диалогқа түсу мүмкіндігін алады [7]. Көшпенділердің осындай катализатордың рөлін атқаратын ерекше міндетіне ат үсті қараушылық өкінішке орай кейбір дүниетанымдық ұстанымдарда тарихи орын алып келген болатын. Ол Орталық Азияны, қазақ жерін Ресей державасының құрамына енгізу дәуірінде айқын көрініс берді. Осы менталитеттік, әлеуметтік психологиялық бағдар, тіпті Кеңестік кезеңнің өзінде сабақтастықпен жалғасын тапты. Өткен ғасырлардағы зорлықпен

жүргізілген ұжымдастыру (коллективизация) науқаны да соның көрінісі іспетті. Ал оның зұлматы мен адами құрбандығының салдары әлі күнге дейін ұлтаралық қатынастар әлемінде байқалады. Ұзақ жылдар бойы өзінің тарихи мекенінде демографиялық азшылық, саяси дисбаланс шамаға түсіп кеткен қазақ халқы біршама этнопсихологиялық қыспақ пен күйзеліс күйлерін кешті. Қазіргі тәуелсіздік қана осы этнопсихологиялық кешендердің, дүниетанымдық қалтарыстардың күмәнді салдарларын жеңуге мүмкіндіктер ашуда және біртіндеп жүзеге асырылуда.

Қазақ зиялылары қоғамдағы жер мен тіл мәселесінің қазақ сияқты өзінің саяси тәуелсіздігін толық бекітпеген халықтар үшін өте маңызды екенін ескертіп отырғаны белгілі. Міне, қазақтың басқа ұлттармен мәдени ықпалдасуының осындай маңызды қыры болғанын ескерген жөн. С.Ж.Бралина өз зерттеулерінде еуразияшылдардың ұлт мәдениеті мен шығыстық ерекшелік туралы пайымдауларын өз ойымен толықтыра алды, оның туындауы кездейсоқ емес, олар негізінен әлеуметтік және мәдени-тарихи мағыналардың объективті себептеріне байланысты екеніне сайды және капитализмнің дамуымен ортақ әлемдік әдебиеттің қалыптасу қажеттілігімен, халықтардың фольклорлық және әдеби өзара байланысының мәселелерін шешумен байланыстырды [8]. Ол мәселені зерделей келе, еуразияшылдықтың кездейсоқ құбылыс емес екенін дәлелдей отыра, оның шығыстық теориясының бастауын анықтады. Сонымен «Шығыстық теория» Ресейде В.В.Стасовтың еңбектерінің арқасында қалыптасып, А.Н.Веселовский, В.Ф.Миллер, Г.В.Потаниндердің одан әрі дамытуымен жалғасын табады, ал сонан соң «әрі қарай эстафетаны еуразияшылдар алып кетті» деген ойды өрбітеді [9].

Әрине, ұлтаралық қатынастарда өзара ұлтаралық сыйысушылық маңызды рөл атқарады. Бірақ бейбіт қатар өмір сүру идеясы әлеуметтік субъектілер арасындағы бөлектену, ара қашықтықты ұлғайтуға дейін жетпеуі тиіс, онда жатсынудың да ауылы алыс емес екенін еске түсіруге болады. Мәселен, Қазақстанның Өзбекстанмен қарым-қатынасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері біршама қиындықтармен астасуда, өзара түсіністіктен гөрі этносаяси қатынастарда салқын қанды қашықтықта болу ұстанымы жоғары шығып отыр. Көрші жатқан Қырғыз еліндегі өткен жылдардағы «түрлі-түсті» революциялар этносаралық қатынастардың тұтынушылық деңгейіндегі (Мәселен, көрші елдегі Ыстық көл жағалауында демалу мәселесі басқа елдердің азаматтары үшін криминалдық ахуалдың тұрақсыздығына байланысты мүмкін болмай қалды. Бұл жағдайдан Қырғызстан экономикасы орасан зор зиян шегіп отыр, өйткені мемлекет бюджетінің төрттен бірін туризм құрайтынын ескерсек, онда ұлтаралық қатынастар мәдениетіне көңіл аудару экономикалық жағынан да тиімді екені аңғарылады) кейбір

элеуметтік қыспақтарға әкеліп соқты. Бұлардың барлығы Еуразия кеңістігі ауқымындағы шешімін табуға тиісті ішкі проблемалар болып табылады және олардың барлығы біртұтастана келе ұлт мәселесіне тікелей қатысты екені де байқалады.

Л.Н. Гумилевтың қалыптастырған тарих философиясының ерекшелігін қазақстандық философ Д.Н. Нұрманбетова негізінен қолдайды [10]. Адам тарихын көпталықты ұстанымға бағындыра отырып, халық, этнос тарихы ретінде қарастырады, оған Еуразия түсінігін «әрбір этнос – орталық, бірақ олар оң комплиментарлық бастаудағы өзара байланыста суперэтностың» өздігінен қалыптасуына мүмкіндік береді деген ойды гуманитарлық сала мамандарының ортасына алға тартады [11]. Еуразияшылдардың саяси идеясы еуразиялық мемлекеттіліктің бейнесін түсінуге бағытталған. Мәдениеттің үстемдігі, жекелік және ұлттық деңгейде тұлғалардың өзін-өзі тануы – ұлтты дамытудың принциптері мен талаптары болып есептелген және еуразиялық өркениеттің идеалдарына сәйкес келеді. Еуразиялық бірлік – еуразияшылдар үшін тарихи, мәдени, тілдік және саяси бірлік үшін қажетті үлгі болды. Міне, сондықтан «бірлік бар жерде тірлік бар» деген қазақтың мақалының орынды қолданылуының Еуразиялық кеңістігі үшін маңыздылығы артып отыр. Көптеген Ресей зерттеушілері еуразияшылдықты Ресейдің автономиялығы мен ерекше өркениеттік миссиясы туралы идеясымен жақындастырады, сөйтіп оның қызметін әспеттей, дәріптей түседі. Ал, енді біздің отандық зерттеушілердің пайымдауынша, Еуразияны өркендету бірегей элеуметтік-мәдени, этникалық құрылымдарды нығайтумен астасуы қажет екендігімен байланыстырылады және Орталық Азия халқының атқарған тарихи рөліне мән беріп, оның лайықты орнын тарихи санада бағалаудың маңыздылығын күн тәртібіне қояды. Біздің ойымызша, соңғы тұжырымдардың болашағы бар және ол барлық халықтардың мүдделерін ескеретін өркениетті негіздегі көзқарас. Жалпыдүниені ұғынудың, оны философиялық зерделеудің ұлттық типі болатындығы жөнінде көптеген терең тұжырымдар айтылуда. Өзінің терең мағынасы бойынша жалпы адамзаттық құбылыстар болып келетін философия мен ғылымдар, өнермен дін сенімдер кейде ұлттық болмыстың өзіндік сүзгісінен, елегінен өтеді. Оған таң қалуға болмайды. Осыған орай, кейбір халықтардағы осы мағынадағы ұқсастықтар оларды бір-біріне өзара жақындататыны сөзсіз, ал енді өзіндік сапалы айырмашылықтар кейде ұлтаралық қатынастарды белгілі бір күйзелістер мен қайшылықтарға алып келуі де ғажап емес. Дегенмен, әрбір халықтың өзіндік бірегейлігін сақтау да жалпы адамзаттық мәдениеттің тарихи алуандық, көптүрлілік негіздерін қалыптастыруда, дамытуда маңызды болып келеді.

Сондықтан қазақ халқының әлемдік үлкен кеңістіктегі басқа

халықтар сияқты өзіндік мәдени келбеті мен философиялық ойлау жүйесі тарихи маңызды құбылыс екенін атап өту керек. Ол руханияттың маңызды қыры ретінде қалыптасқанын және оның қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ескеру қажет. Мәселен, еліміздегі кейбір қоғамтанушы ізденушілердің: «...біз өзімізге этникалық тегіміз жағынан келсек, мың жылдан аса мәдениетіміз, тарихымыз, философиямыз бар халықпыз», – деген тұжырымдарынан қазақ халқының басқа түркі және славян халықтары іспетті әлем туралы образдары мен түсініктерін жүйелі түрде қалыптастырғанын байқаймыз[12]. Өзінің ұлттық ерекшелігін әрбір этноқауымдастық мәдениеттердің өзара пәрменді әрекеттесу заманында сақтап қалуға тырысуы заңды құбылыс. Онсыз ұлттық келбет жоғалып кетуі де ғажап емес. «Ұлттық өзіндік ерекшелік басқа ұлттармен салыстырғанда ғана түсінікті болады, оны басқаша айқындау мүмкін емес. Ұлтаралық қарым-қатынас болмаса, ұлттық өзіндік ерекшелік өз мәнін жоғалтады. Өзінің ұлтынан айрылған жеке адам ұзақ уақыт бойы өзінің ұлттық қасиетін сақтап қалады. Егер ол сіңісіп кететін болса, бұл процесс кемінде бір ұрпаққа жалғасады» [13]. Бұл жерде айтылып отырылған тұжырымдар қазіргі заманда өзектілігімен көрініс беріп отырған диаспоралық өзіндік сананың ілкі қасиеттері болып отыр. Жалпы әлемде басқа этноәлеуметтік ортаға сіңісіп кеткен этникалық топтар әр түрлі кейіпте өзінің сипатын көрсетіп жүргенін де байқауға болады. Тіптен, әр түрлі елдердегі қазақ диаспорасының өзі жергілікті басымдық танытатын этникалық қауымдастықтармен қатынастарға бара отырып, өзінің этникалық келбетін әртүрлі деңгейде сақтай алғанын атап өтуге болады [14]. Бұл мәселе Еуразиялық кеңістікте өзіндік ғылыми сипаттамаларға ие екендігін және оны қазақстандық мамандар біршама зерттегенін байқаймыз.

Қазіргі тарихи кезеңде жаһанданудың талабына сәйкес заманауи өзгерістер болып жатқаны белгілі. Қазақстандық бірегейлену мәселесі әлеуметтік кеңістікте өзекті екені де анық. Жалпы жаһандану процестерінің қазіргі заманда пәрменді жүруіне ақпараттар ағынының барынша кең қанат жая бастауы өзіндік ерекше орын алады. Ақпараттар әртүрлі БАҚ арқылы дүниежүзінің кез-келген бұрышына жылдам жетіп баратынына қазіргі заманның өкілі барынша әдеттенген, үйренген, жаңалықты қабылдау мен тарату оған үйреншікті дүние болып отыр. Сондықтан заманауилықтың өзіндік келбетін білдіретін, жаһанданудың ішкі құрылымын топтастырып, қалыптастырушы фактор, оның әлеуметтік болмыстағы қызметтерін жүзеге асырушы осы ақпараттар құбылысы.

Қазіргі заманда кез-келген этноақпараттық кеңістік ғаламдық, яғни жаһандық үрдістердің заңдылығына, оның барынша пәрменді екпініне бағынуына мәжбүр болады. Әрбір этникалық мәдениет өзінің

дәстүрлі құндылықтары мен мүдделерін барынша қорғауға, сақтауға тырысқанмен, бірақ оның өзі объективті процестермен санасуға мәжбүр. Онсыз ол жалпы ғаламдық мәдениеттердің, өркениеттердің өзара байланыстар жүйесінен, кірігу, ықпалдасу процестерінен алшақтап кетеді. Ал енді саналы түрде әлемдік ақпараттар жүйесінен оқшаулану геосаяси процестердің барынша бұқаралық мәдениет сипатына ауысуына, немесе авторитарлануына, экономиканың әлемдік үрдістердің динамикасына тәуелді болуына алып келетіні де анық. Міне, сондықтан осындай жағдайлар мен құбылыстар, яғни ғаламдық деңгейдегі соны ақпараттарға, жасампаз ұлттық идеяларға деген зәрулік біздің елдің ақпараттар кеңістігінде де көрініс береді. Дегенмен, біздің елдің бірнеше ғасырлар бойы Еуразиялық кеңістіктегі ақпараттар ағынының ауқымында болуы бұл деректі біршама жұмсарты түседі. Демек, халқымыздың менталитеті мен құндылықтар жүйесі еуразиялық ұстындарға бейімделіп, тарихи қалыптасқан деуге болады. Дәстүрлі Еуразиялық доктринада мәдениетаралық қатынастардың өрбуі және мәдениеттер арасындағы шекара мәселелері қойылды. Осы қатынастарды да, шекараларды да анықтайтын ақпараттардың мазмұны, ал кез-келген ақпараттың бейтарап күйде болатын сипатына идеологиялық ұстанымдар көптеген түзетпелер жасайды. Сондықтан еуразиялық кеңістіктегі ақпарат, не осы еуразиялық бірегейлікті орнықтыра түседі, не оның барынша ыдырап, орнына басқа бірегейліктің типтерінің күшеюіне түрткі болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еуразиялық бірегейленудің біршама шаңырағы шайқалғаны да белгілі. Дегенмен, этноәлеуметтік кеңістікте бірте-бірте зерделі пайымдаулардың нәтижесінде еуразиялық бірегейлікке деген сұраныс қайта жанданды. Бірақ оның кейпі бұрынғы нұсқалармен салыстырғанда біршама өзгерген болатын. Енді бұрынғы иерархиялық, субординациялық, тең емес қатынастардың орнына тең құқықтылықты дәріптейтін, демократиялық құқықтарды қорғайтын, этносаралық қатынастарда өзара паритеттік, теңқұқықты қатынастарды бекітетін жаңа заманға сәйкес келетін жаңашыл, өркениетті сипаттағы бірегейленудің қажеттігі түсініле бастады.

Ұлтаралық қатынастарда, өзара байланыстарда кейбір қатып қалған қасаңдыққа жетелейтін таптаурындық ұйғарымдар этникалық қауымдастықтардың құндылықтық әлемін бағалауда әрқашанда сыңаржақты сипаттамалармен шектелетінін атап өтуге болады. Осыған орай, тарихтың күрделі сынағынан кез-келген этникалық қауымдастықтың сүрінбей өтуі үшін, алдымен құндылықтар жүйесін заманауи талаптарға сәйкес жаңаша жүйелеп, әлеуметтік субъектіге тән нақты ақпараттар кеңістігінде, өркениеттік пәрменділік заманында ұтымды, нәтижелі өмір сүруге тырысуы қажет болады. Дәстүрлі қатынастардың өзі белгілі бір жаңғыруға ұшырайды, міне осы фактор

қоғам дамыған сайын әрдайым маңызды бола түседі, дәстүрдің жаңаруы заман талабына айналады. Сонымен, ұлтаралық қатынастар ауқымы әруақытта күрделі қатынастар өрісіне жатады. Оған бір жақты бағалау беруге болмайды және ол көптеген терең мағыналы қырларды қамтитын, нәзік пернелерден тұратын құбылыс болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: Saga, 2007. – 560 б.
- [2] Нурманбетова Д.Н. Проблемы философии истории в творчестве Л.Н. Гумилева. Евразийство и Казахстан. – Астана, 2003. - С. 55-62.
- [3] Мүтәліпов Ж. Шығыс пен Батыс өркениеттері сұхбатындағы қазақ мәдениеті: мәдениеттанулық талдау. – Алматы, 2004. – 243 б.
- [4] Мен Д.В. Культура отдельного народа Казахстана как общечеловеческая ценность // Актуальные проблемы политологии, экономики и права в условиях модернизации Казахстана: Матер.науч. конф. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – С.52-58.
- [5] Бурова Е.Е. Демократическая идентичность как предпосылка глобализации // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии. - Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2002. – 304 с.
- [6] Малинин Г.В. Межнациональное согласие в Казахстане: проблемы, противоречия, перспективы. – Алматы, 1997. – 228 с.
- [7] Әбсағтаров Р.Б. Ұлттық қатынастардың дамуы. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 238 б.
- [8] Черников В.Е. Диалог культур в условиях мультикультурализма // Наука. Философия. Общество: Материалы V Российского философского конгресса. – Новосибирск: Параллель, 2009. - Т. 2. – 544 с.
- [9] Орынбеков М.С. Онтологические корни евразийства // Евразийское сообщество. – 1997. - № 3. – С. 3-17.
- [10] Аймбетова Ұ.Ө. Еуразиялық кеңестіктегі ұлтаралық қатынастар мәдениеті хақында // әл-Фараби. - 2011. -№ 4 (36). – Б. 93-100.
- [11] Мұқажанова А.Ж. Қазақстан Республикасы: ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық (саяси талдау): саяси ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 54 б.
- [12] Центральная Азия: диалог культур в процессе глобализации. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2005. – 373 с.
- [13] Сабит М. Национальная идея и казахстанская действительность. Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи. – Алматы: Ин-т философии и политологии МОН РК; Центр гуманист. исслед., 2008. – С.42-49.
- [14] Абсағтаров Р.Б., Мен Д.В., Мукажанова А.Ж. Культура межэтнического общения: казахстанский опыт. – Алматы: ИП Уатханов А.Ф, 2012. – 240 с.

REFERENCES

- [1] Kazirgi zamangy ruhanilyk maselesi. Almaty: Saga, 2007. 560 b. [in Kaz.].
- [2] Nurmanbetova D.N. Problemy filosofii istorii v tvorchestve L.N. Gumileva. In: Evrazijstvo i Kazahstan. Astana, 2003. S. 55-62 [in Rus.].
- [3] Mütalipov Zh. Shygys pen Batys orkenietteri syhbatyndagy kazak madenieti: madeniettanulyk taldau. Almaty, 2004. 243 b. [in Kaz.].
- [4] Men D.V. Kul'tura ot del'nogo naroda Kazahstana kak obshchechelovecheskaya cennost'. In: Aktual'nye problemy politologii, ehkonomiki i prava v usloviyah modernizacii Kazahstana: Mater. nauch. konf. Almaty: KazNPU im. Abaya, 2011. S.52-58 [in Rus.].
- [5] Burova E.E. Demokraticeskaya identichnost' kak predposylka globalizacii.

In: Globalizaciya i dialog konfessij v stranah Central'noj Azii. Almaty: Komp'yuternozdatel'skij centr Instituta filosofii i politologii MON RK, 2002. 304 s. [in Rus.].

[6] Malinin G.V. Mezhnacional'noe soglasie v Kazahstane: problemy, protivorechiya, perspektivy. Almaty, 1997. 228 s. [in Rus.].

[7] Absattarov R.B. Ul'tytk katynastardyn damuy. Almaty: Kazakstan, 1982. 238 b. [in Kaz.].

[8] Chernikov V.E. Dialog kul'tur v usloviyah mul'tikul'turalizma. In: Nauka. Filosofiya. Obshchestvo: Mater. V Rossijskogo filosofskogo kongressa. Novosibirsk: Parallel', 2009. T. 2. 544 s. [in Rus.].

[9] Orynbekov M.S. Ontologicheskie korni evrazijs'tva. *Evrazijskoe soobshchestvo*. 1997. № 3. S. 3-17 [in Rus.].

[10] Ajmbetova Y.O. Euraziyalyk kenestiktegi ultaralyk katynastar madenieti hakynda. *al-Farabi*. 2011. № 4 (36). B. 93-100 [in Kaz.].

[11] Mykazhanova A.Zh. Kazakstan Respublikasy: yltaralykkarym-katynas madenietindegi ul'tytk zhane zhalpy adamzattyk (sayasi taldau): sayasi gyl. dokt. ... avtoref. Almaty, 2010. 54 b. [in Kaz.].

[12] Central'naya Aziya: dialog kul'tur v processe globalizacii. Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK, 2005. 373 s. [in Rus.].

[13] Sabit M. Nacional'naya ideya i kazahstanskaya dejstvitel'nost'. Soderzhanie i mobilizuyushchij potencial obshchenacional'noj idei. Almaty: In-t filosofii i politologii MON RK; Centr gumanit. issled., 2008. S.42-49 [in Rus.].

[14] Absattarov R.B., Men D.V., Mukazhanova A.Zh. Kul'tura mezhehtnicheskogo obshcheniya: kazahstanskij opyt. Almaty: IP Uathanov A.F, 2012. 240 s. [in Rus.].

ДИНАМИКА МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ И СОЦИАЛЬНО- КУЛЬТУРНЫЕ ДЕТЕРМИНАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ

Байсеркенова Л.М.,

магистрант 2 курса специальности «Международные отношения»,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: lagyl.bayserkenova.93@mail.ru

Ключевые слова: межнациональные отношения, Евразийское пространство, культурные особенности, национальная политика.

Аннотация. В статье исследуются современные формы межнациональных взаимоотношений в Казахстане. Анализируются особенности становления и развития культуры межэтнических отношений в обществе в эпоху глобализации. Особое значение уделяется анализу деятельности общественных структур в налаживании межнационального и межконфессионального диалога и взаимодействия.

Статья поступила 02.03.2017 г.

THE SPECIFIC FEATURES OF NUCLEAR PROGRAM AND DOCTRINE OF PAKISTAN

Yesimtayev T.,

master's degree student, specialty "Regional Studies",
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: esimtaev_temirlan@mail.ru

Keywords: Pakistan, nuclear program, nuclear doctrine, South Asia, India, security, Islamic bomb.

Abstract. This article is devoted to investigating and analyzing the specific features of nuclear program and doctrine of Pakistan, its inception, evolution and development. One of the main reasons that Pakistani nuclear civil program got military character was India's success in acquiring nuclear weapons much earlier than Pakistan did. It is obvious that India has always been the major geopolitical rival of Islamabad in the region. After the partition of the British India in 1947, newly created India and Pakistan immediately became strategic adversaries, which have caused a lot of geopolitical, military and political clashes and instability in South Asia. In terms of demography and military strengths it is obvious that India is much stronger and more powerful than Pakistan, which makes Pakistan weaker side in this tough struggle. Consequently, in order to be able to contain or deter powerful India, Islamabad has paid a great attention to the development of its own national nuclear program and doctrine. Some countries such as China, North Korea and several Arab states have been involved in making and development of Pakistani nuclear doctrine and nuclear weapons. The involvement of the Arab world in this process gave a birth to a new term so-called "Islamic bomb". Unlike other nuclear powers such as US, Russia, France, Britain, both India and Pakistan are still not a part of the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons (NPT) and other international agreements on this issue. Additionally, having seen NPT and other international treaties as a discriminatory, India and Pakistan have refused to join them. On the other hand, Pakistani nuclear doctrine is based on first strike strategy. All above mentioned factors and processes basically make geopolitical situation and security issues in the region extremely unstable and difficult.

ӘОЖ 327 (5-13)

ПӘКІСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ДОКТРИНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есімтаев Т.,

«Аймақтану» мамандығының магистранты,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: esimtaev_temirlan@mail.ru

Тірек сөздер: Пәкістан, ядролық доктрина, Оңтүстік Азия, ядролық бағдарлама, Үндістан, қауіпсіздік, ислам бомбасы

Аңдатпа. Бұл мақалада автор Пәкістанның ядролық бағдарламасы мен доктринасының қалыптасуы және дамуы, сонымен қатар оның ерекше аспектілерін айқындап, талдау жасап, баға береді. Пәкістанның азаматтық бағыттағы ядролық бағдарламасының әскери сипат алуының басты себебі ретінде Оңтүстік Азиядағы өзінің басты қарсыласы Үндістанның уақыт жағынан әлдеқайда бұрын ядролық қару статусына қол жеткізуін атап өтуге болады. Британ Үндістаны 1947 жылы екіге бөлінгеннен кейін, жаңадан құрылған Пәкістан мен Үндістан стратегиялық қарсыластарға айналып, аймақтағы геосаяси тұрақсыздық пен қауіп-қатерлердің туындауына себепші болды. Демографиялық және әскери тұрғыдан келгенде Үндістан Пәкістаннан әлдеқайда күшті мемлекет болып табылады. Осыған орай әлдеқайда күшті Үндістанды тежеу мақсатында Исламабад өз ұлттық ядролық бағдарламасы мен доктринасын дамытуға басымдық берді. Пәкістанның ядролық бағдарламасының дамуы мен ядролық қаруын жасауға Қытай, Солтүстік Корея, және бірқатар араб мемлекеттері ерекше қолдау көрсетті. Осы бағытта «ислам бомбасы» атты доктрина пайда болды. Өзге ядролық державаларға қарағанда Оңтүстік Азияның бұл екі ядролық мемлекеті де Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге және өзге де халықаралық шарттарға қосылудан бас тартты. Екінші жағынан, Пәкістанның ядролық доктринасы негізінен бірінші соққы беру стратегиясына негізделген. Жоғарыда аталған факторлар аймақтағы геосаяси ахуал мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үрдісіне кері әсер ететіні айқын.

Пәкістан Үндістан секілді өз ядролық бағдарламасын азаматтық саладан бастаған болатын. Исламабадтың ядролық бағдарламасының басталуы мен дамуы 1950-ші жылдары елде атомдық энергетика жөніндегі Комиссияның құрылуымен байланысты болды. 1965 жылы Пәкістанда МАГАТЭ-нің бақылауындағы шағын зерттеу реакторы жұмыс істей бастады және оған қажетті жанар-майды АҚШ жеткізіп отырды. 1972 жылы Карачиде Канаданың көмегімен салынған 125 МВт қуатына ие бір реакторлы бірінші «Канупп» атомдық электр станциясы іске қосылды. Алғашқы кезеңде бұл атомдық электр станциясы Канада мен АҚШ-тан жеткізілген ядролық жанар-маймен жұмыс істеді, кейін Пәкістанда өндірілген өнім пайдаланылды. Соңғы уақытта Қытайдың тікелей көмек көрсетуімен Равалпинди маңындағы Чашмада «Часнупп» атомдық электр станциясы іске қосылды. Бұл АЭС-те 300 МВт қуатындағы бір реактор жұмыс жасайды. Жоғарыдан аталған екі станцияға да МАГАТЭ-нің кепілі тарайды.

Энергетикалық реакторлардан бөлек бірнеше зерттеу реакторлары да салынды. Олардың аясында уран рудалары, уран концентраты өндірілді, бірақ оларға МАГАТЭ-нің кепілі тарамды. Табиғи уран негізіндегі реакторларға арналған ауыр суды өндіру мақсатында арнайы құрылғылар жасалынды, бұларға да МАГАТЭ-нің кепілі тарамды. Елдегі азаматтық бағыттағы ядролық бағдарламаның дамуы барысында әскери бағдарламаға өтуге қажетті ғылыми-техникалық база мен өзге де жағдайлар жасалынды.

Пәкістан ядролық бағдарламасының азаматтық бағыттан әскери бағытқа өтуі 1970-ші жылдардың ортасына таман жүзеге аса бастады. Әсіресе 1971 жылы болған соғыста Үндістаннан жеңілуі және 1974 жылы Делидің ядролық құрылғыларды сынақтан өткізуі Исламабадты әскери ядролық бағдарламаны дамытуға және шапшаңдатуға итермелеген бірден-бір фактор болды. Пәкістан мемлекеті басшыларының пайымдауынша әскери ядролық бағдарламаны жүзеге асыру біріншіден, 1971 жылғы соғыста жеңілу мен елдің шығыс бөлігінен, яғни Бангладештен айырылу салдарынан әдеттегі қару-жарақ бойынша әлдеқайда алға кеткен Үндістанмен тепе-теңдікті орнатуға немесе арақашықтықты қысқартуға деген ұмтылыспен астасып жатты [1].

Исламабадтың әскери ядролық бағдарламаны дамытуының екінші себебі Делидің Пәкістан тарапынан жасалынған барлық ұсыныстарды қабылдамай тастауымен байланысты болды. Атап айтсақ Дели Исламабадтың аймақтағы кез келген ядролық жарысты тоқтату немесе алдын алуға байланысты ұсыныстарын, соның ішінде Оңтүстік Азияда ядролық қарудан еркін зона құру, ядролық қаруды иелену немесе өндіруден бас тарту туралы біріккен декларация қабылдау, МАГАТЭ-нің толыққанды кепілдігі және өзара тиімді мәміле негізінде барлық

ядролық объектілерді екі жақты инспекциялау туралы бастамаларын қабылдамай тастады. Пәкістан Үндістанмен бірге ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау туралы Келісімге қосылуға дайын болды және ядролық қаруды сынауға тиым салу жөнінде екі жақты келісім жасауды ұсынды. Осы аталған мәселелер кешенін Исламабад пәкістан-үнді екі жақты келіссөздерінде талқылауға дайын болды, және оларға АҚШ, Кеңес Одағы мен Қытай секілді ұлы державалардың қатысуына да қарсылық білдірмеді.

Жоғарыда көрсетілген және осы сипаттас ұсыныстарды жасау арқылы Исламабад тек саяси және пропагандалық мақсаттарды көздеумен шектелген жоқ, сонымен қатар Үндістанның ядролық державаға айналуына жол бермеу басым мақсат ретінде қарастырылды. Делидің ядролық амбициясын тежей алмаған жағдайда Пәкістан осы қиын әрі күрделі, аса қауіпті және қымбат жолды басып өтуге тура келетіні анық еді. Бірақ ядролық потенциалдан бөлек, Исламабад Үндістанның әдеттегі қару-жарақ бойынша басымдығын тежеуге мүмкіндігі шектеулі болды, әсіресе 1971 жылғы жеңілістен кейін Делидің осы саладағы үстемдігі айқын байқалды. Осы себептен ядролық қаруды иелену Исламабадқа әлдеқайда құдіретті Үндістанның мүмкін болатын агрессиясын тежеуге мүмкіндік берері сөзсіз еді. Пәкістан ядролық жолды таңдаған кезде Үндістан секілді өз қимылдарын бүркемелеп жасыру үшін ядролық қаруды таратпау туралы Келісімді сынауды әдетке айналдырды. Ары қарай Пәкістан ядролық қаруды жасау жолында Делидің саясатын қайталады. Тіпті 1998 жылы мамырда Делидің ядролық қаруды сынауына Исламабадтың берген жауабы симметриялық сипатта болды, яғни дәл Үндістанның сынағын қайталап, екі күн ішінде 36 кт көлеміндегі орта қуаттағы, 12 кт көлеміндегі төменгі қуаттағы және 1 кт көлеміндегі кіші қуаттағы алты зарядты жарды [2].

Үшіншіден, «үнді факторымен» қатар Исламабадты әскери ядролық бағдарламаны дамытуға итермелеген бірден-бір фактор оның ислам әлеміндегі өз позициясы мен беделін нығайтуға деген ұмтылыс болғаны айқын. Ядролық қаруы бар алғаш мұсылман мемлекеті ретінде Пәкістан қалған ислам елдерінің тарапынан саяси қолдау мен экономикалық көмек алуды да мақсат етті. Бүкіл мұсылман жамағатына немесе ислам әлеміне ортақ және тиесілі ретінде қарастырылған «ислам бомбасы» тезисін Исламабад пропагандалық мақсатта шебер пайдалана білді және мемлекеттік, сондай ақ жекеменшік деңгейлерде ислам елдері мен жеке ұйымдарынан қаржы тарту мақсатында да пайдаланылды.

Пәкістанның ұлттық «ядролық арсеналын» құру курсы пәкістан қоғамының басым бөлігі қолдап, ядролық қару ұлттық тәуелсіздік пен қорғаныс қабілетінің нығаюына, Үндістанмен арадағы дұшпандық

жағдайда елдің позициясының күшеюіне зор мүмкіндік береді деп есептеді. Осыған қарамастан пәкістан қоғамдық пікірінің бір бөлігі, соның ішінде ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі ядролық қаруды жасау саясатына наразылық білдіріп, бұл өз кезегінде елдің сыртқы саясаттағы жағдайының нашарлауына, ел ішіндегі милитаризм мен шовинизмнің қозуына алып келеді деп санады. Пәкістан бизнесмендері мен іскер ортасының бір бөлігінің пайымдауынша жаппай қырып-жою қаруларын жасауға аса үлкен көлемдегі қаражаттың жұмсалынуы ел экономикасына орасан зор шығын алып келіп, бизнестің дамуына тосқауыл болады. Антиядролық қозғалыстың белсенді мүшелерінің тұжырымдауынша атомдық объектілер негізінен сейсмикалық жағынан аса қауіпті аудандарда салынып жатыр. Тіпті елдің ядролық бағдарламасына қарулы күштердегі офицерлердің бір бөлігі де сыни көзбен қарап, жалпы қаржы және материалдық ресурстарды шектеу жағдайында әдеттегі қарулы күштердің дамуына қажетті қаражаттың азайып кетуінен сескенді.

Исламабадтың ядролық бағдарламасының басталуы мен дамуына ерекше үлес қосқан белгілі ядролық физика маманы Абдул Қадыр Хан болған еді. Ол бірнеше жыл бойы Батыс мемлекеттерінде жұмыс жасағаннан кейін 1974 жылы елге қайта оралып, өзімен бірге уранды байыту технологиясы бойынша құпия құжаттарды алып келді. Бастапқы кезде ядролық бағдарламаға қатысты барлық жұмыстар атомдық энергетика бойынша Комиссияның шеңберінде жүргізілді. Өз кезегінде оның аясында Ұлттық қорғаныс кәсіпорындары кешені (ҰҚКК) қызмет етті. Одан кейін Абдул Қадыр Хан мен оның әріптестерін басқа ұйымның төңірегіне топтастырып, оларға негізінен уранды байыту жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру міндеті жүктелді. Салыстырмалы қысқа уақыт ішінде Исламабадқа таяу жердегі Кахутте ядролық кәсіпорындардың кешені құрылды. 1987 жылға қарай ядролық заряд үшін жеткілікті уран өңделіп, барлығы ядролық қаруды сынауға дайын болды. Ядролық зарядтарды құру міндетін шешудегі бірқатар табыстан кейін Кахут пен Ұлттық қорғаныс кәсіпорындары кешеніндегі (ҰҚКК) мамандар оларды жеткізу құралдарын жасаумен айналыса бастады. Егер Кахутте сұйық зымырандар дайындалынса, Ұлттық қорғаныс кәсіпорындары кешенінде (ҰҚКК) қатты жанар-май заттары жасалынды. Бірнеше жүздеген километрден бір жарым мың километр арасындағы қашықтыққа ұшатын түрлі модификациядағы «Гхори» және «Шахин» атты орта қашықтықтағы зымырандардың жасалынуын пәкістан ғалымдары мен инженерлерінің айтарлықтай қомақты табысы ретінде бағалауға болады. Алайда атап өтетін жайт – Исламабадтың ядролық бағдарлама саласындағы осы жетістіктері сыртқы күштердің, соның ішінде ең алдымен Қытай мен Солтүстік Кореяның айтарлықтай қомақты көмегі арқасында мүмкін болды [3].

Пәкістанның ядролық энергетикасы мен зымыран технологиясының әлсіз базасы жағдайында әсери ядролық бағдарламаны жүзеге асырумен айналысатын және бір-бірімен өзара өткір бәсекелестіктегі кәсіпорындарды екі ірі топқа біріктіру айтарлықтай қысқа мерзімнің ішінде негізгі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Осылайша 2001 жылы бұрынғы бәсекелестер мен осы бағыттағы барлық жұмыстарды Ядролық қорғаныс кешенінің қарамағына топтастыру және біріктіру туралы шешім қабылданды. Пәкістанның азаматтық ядролық энергетикасын әскери салаға өткізу үрдісі барысында Исламабад аумағында орналасқан Сихал және Горла елді-мекендерінде уранды байыту жөніндегі ірі объектілер салынды. Бұған қоса Хушаб, Чашма және Равалпинди секілді елді-мекендерде өңделген ядролық жанармайдан плутониді бөлу жөніндегі кәсіпорындар да болды. Осы тұрғыдан келгенде жалпы 20-ға жуық әскери ядролық бағдарламаны жүзеге асыру бағытында жұмыс жасайтын барлық ядролық объектілерге МАГАТЭ-нің кепілдіктері тарамайды.

Қазіргі уақытта Пәкістан жоғары деңгейде байытылған уранның негізінде ядролық боезарядтар жасаумен айналысып жатыр. Алайда қару-плутоний негізіндегі ядролық боезарядтар әлдеқайда нәтижелі болғандықтан, 1990-шы жылдардың ортасынан бастап Пәкістан Хушабте салыстырмалы түрдегі аса қуатты ауыр сулы реакторды іске қосты. Пәкістанның зымыран-ядролық кешені – бұл жалпы 10 мыңға жуық мамандар жұмыс жасайтын өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу орталықтарының, лабораториялардың, оқу орталықтары мен өзге де мекемелердің кешені болып табылады. Ядролық кәсіпорындар кешені бүкіл ел бойына шашырап орналасқан Үндістанмен салыстырғанда, Пәкістанда мұндай кәсіпорындар кешені негізінен елдің солтүстігінде, атап айтқанда Үндістан, Ауғанстан, және Кашмирге іргелес жатқан, сондай-ақ Тәжікстан мен Қытайдан қашық емес аудандарда шоғырланған. Елдің ішінде мұндай кәсіпорындар ірі қалалар маңайында орналасқан. Белгілі бір деңгейде зымыран-ядролық өндіріспен шамамен 50-ге жуық компания тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Исламабад өзінің зымыран-ядролық қаруына оңайшылықпен қол жеткізген жоқ. Осы бағытта ел басшылығы ішкі ресурстардың басым бөлігін осы бағытқа жұмылдырып, өзге шығындарды қысқартуға мәжбүр болды. Пәкістанның ядролық энергетикасының іргесінің қалануы мен дамуына Қытай ерекше көмек көрсетті. Пекин сондай-ақ Исламабадқа ядролық қаруларды тасымалдау және жеткізу құралдары, баллистикалық зымырандар технологиясы және оларды өндіруге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Осы бағытта Пәкістан Солтүстік Корея тарапынан да көмек алып отырды, есесіне ядролық бағдарламасын дамытып алғаннан кейін Исламабад Пхеньянға қолдау

көрсетті. «Ислам бомбасы» жобасына Ливия, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері және өзге де араб мемлекеттері өз қаржыларын аямады.

Пәкістанда жасалған зымыран-ядролық потенциал ұзақ жылдар бойы үлкен табыс көзі ретінде пайдаланылып келді. «Пәкістан бомбасының әкесі» саналатын А.К. Ханның басшылығымен бірқатар елдердің қатысуымен үлкен нарық құрылған. Осы нарықта Ливияға, Иранға және ҚХДР-на ядролық технологиялар мен материалдар сатылып отырды. Айта кетітін тағы бір мәселе, аталмыш үлкен «сауда желісінде» Пәкістан өтпелі пункт ретінде қызмет атқарды. 2004 жылы А.К. Ханның айтуынша, осы мәселе бойынша үлкен халықаралық дау шығып, осы іске қатысты 1988-1997 жж. аралығында қызмет атқарған қарулы күштер басшылары мен үкімет басшысының қорғаныс мәселесі жөніндегі кеңесшілері хабардар болған. Әрине осындай іс бойынша жасалған саудадан түсетін пайданың бір бөлігі мемлекет мұқтажына, әсіресе Пәкістанның әскери қажеттілігіне жұмсалғанына күмән жоқ. Сондай-ақ жемқорлықтың жоғары деңгейі бірқатар лауазымды адамдардың жеке мүддесінен туындап отырғанын көрсетеді. Ядролық технологиялар мен материалдар саудасының нақты мөлшері өте құпия екені де белгілі. Алайда олардың өте қомақты мөлшері туралы басылымда пайда болған ақпараттан байқауға болады. Мәселен, Ливиямен жасасқан бір ғана сауда мәмілесінен Пәкістан 100 млн доллар пайда тапқан.

1998 жылы өткізілген ядролық сынақтан кейін Пәкістан қарулы ядролық материалдарды шығаруды үдете бастады. Шамасы бұл материалдар соғыс құралдарындағы жарылғыш заттар жасауға қажетті болса керек. Әсіресе зымырандарды жеткізу құралдарын жетілдіруге баса көңіл бөлінді. Жалпы Пәкістанның ядролық қару-жарағы туралы мәліметтердің аса құпиялығына байланысты олар жөнінде мәліметтер жүйесіз және бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұл мәліметтер елдің әскери-экономикалық және ядролық дамуы мүмкіндіктеріне негізделетіні анық. Сонымен бірге Пәкістандағы қару-жарақ ураны мен плутонийдің қорына және олардан жасалатын соғыс құралдарындағы жарылғыш заттарға да байланысты. Мәселен, американдық мамандар Пәкістан бірнеше сағат немесе күн ішінде 30-50 ураннан және 3-5 плутонийден жасалған жарылғыш заттар жасай алады деген пікір білдіреді. Басқа дереккөздер бойынша, Пәкістанның ядролық қуаты 15 пен 40 жарылғыш заттарды құрайды [2].

Қалай болғанда да, 1998 жылғы жарылыстан кейін Оңтүстік Азияның екі ядролық мемлекеті сынақтың тоқтатылуына қарамастан ядролық қаруды шығарудан бас тартпады. Мұның өзі жарылыс орын алғанға дейін түрлі жарылғыш заттарды шығару технологиясының өте жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Үндістанның ядролық қуаты

Пәкістаннан дайын өнімінің саны жағынан да, шикізат қоры жағынан да асып түседі. Оның үстіне үнділік қару-жарақтар аса қуатты болып келеді, себебі оның басым бөлігі плутоний компоненттерінен тұрады. Американдық сарапшылардың пікірінше, пәкістандық ядролық жарылғыш заттар шашыраңқы түрде – ядролық компоненттері ядролық емес компоненттерден бөлек сақталады. Шамасы, үнділердің зымырандар мен боеголовкаларды бөлек сақтау тәжірибесімен салыстырғанда Пәкістанның соғысқа дайындығының аса мықты болмауы ядролық қаруды қолдануға рұқсат етілмеу шарасынан үркі де болар.

Үндістан мен Пәкістанның зымырандары арасындағы айырмашылық едәуір емес. Пәкістанда жақын, тактикалық қашықтықтағы (80 км) баллистикалық зымырандар, жедел тактикалық класстағы (300, 600, 750, 800 км) құралдар дайындалады және қолданылады. Тіпті олардың бір бөлігі пәкістан армиясының қаруында кездеседі. Пәкістанның соңғы зымыран жасау жетістіктеріне «Шахин-2» («Хатиф-6») екі сатылы қатты отынды баллистикалық зымырандарды жатқызуға болады. Олар 2004 жылдың наурыз айында сәтті сынақтан өтті. Ол 2500 км қашықтыққа ядролық зарядты жеткізе алады және алғаш рет бөлектенетін бас бөлігімен жабдықталған. Бұл зымыран Үндістан аумағындағы барлық нысанды жоя алады. Ал әуе жолымен құралдарды жеткізу саласында әрине Үндістанның басымдығы айқын байқалады.

Үндістанмен салыстырғанда Пәкістан нақты тұжырымдалған ядролық доктринасын әзірлеген. Іс жүзінде мұндай доктринаның барын және оның өте құпия сақталуда екені туралы болжам айтылады. Сол себепті ядролық доктрина туралы кейбір ресми құжаттардан, жоғары шендегі шенеуніктердің мәлімдемелерінен, сарапшылардың пікірлерінен ғана жеке мәліметтер алуға болады. Сонымен бірге Үндістанға қарағанда Пәкістан алғаш болып ядролық қаруды қолдану принципінен бас тартпады. Өздерінің ядролық доктринаның мақсаты мен міндеттері туралы ашық жариялау ниетін танытпауын ресми пәкістандық тарап әскери қуаттылығы әлсіз мемлекет үшін екіұштылық күйді сақтап қалумен деп түсіндіреді. Сондықтан да оның жоспарлары, пиғылдары мен мүмкіндіктері түсініксіз болып қала береді. Пәкістанда жасалып жатқан субқұрлықта жаңа әскери қақтығыстың мүмкін болатын сценарийлері әдетте кішігірім соғыстардың ауқымды көлемді қамтуы, соның салдарынан Пәкістанның ауыр жағдайда қалуы әрі мұның өзі әскери және саяси басшылығын ядролық қаруды қолдануға итермелеуі мүмкін.

Пәкістанның ядролық жоспарының ең бастысы арсенал құру мақсатында ядролық қаруды саны және сапа жағынан дамыту жұмысын жалғастыру болып саналады. Арсенал Пәкістанға және оның қарулы

күштеріне қандай да ядролық шабуыл жасалғанда соған жауап бере алатын әрі агрессорға орны толмас апат әкелетін қуатты болуы тиіс. Көіп отырғанымыздай, Пәкістанның стратегиялық концепциялары қарама-қайшылықты тұстарымен Үндістанға ұқсас келеді.

Пәкістанның әскери ядролық бағдарламасы үндістандық бағдарламаға ұқсас «ядролық қуаттылықты мейлінше аз тежеу» жасауды мақсат етеді. Бұл міндетті түсіндіруге тырысқан президент Первез Мушарраф 2001 жылы «бұл бір жағынан, Пәкістанға Үндістанның қарапайым қаруларды жасауда үстемдігін бәсеңдетуге әрі онымен әскери жанжалға жол бермеуге, екінші жағынан, ядролық қарулар жарысына жол бермеуге, сонымен бірге өзінің әскери ядролық қуатын мүмкін қажетті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді» деген еді.

Үш түрлі қарулы күштерді ядролық қарумен жабдықтаудың 15 жылға есептелген бағдарламасы қабылданған. Ядролық қаруды алғаш болып қолдануды стратегиясын басшылыққа алған Исламабад ЯҚТК-ға ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде кіре алмайтыны туралы мәлімдеді және ДВЗЯИ-ге қатысты жалтарма пиғыл танытты. Сол уақытта ядролық сынақтарға қатысты біржақты мораторий жариялап, әскери мақсаттарда қолданылатын бөлшектенген материалдарды өндіруді тоқтататынын жариялаған. Сондай-ақ осындай материалдарды әскери мақсаттар үшін өндіруді тоқтату туралы келісім даярлауға қатысатынын да білдірген. Әрі насихаттау мақсатында МАГАТЭ инспекциялары үшін екі ядролық объектінің ашылғанын да мәлім еткен.

2004 жылы мамырда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің әлемдік қауіпсіздік мүшелеріне жаппай қырып-жою қаруларын және оның технологияларын шығаруға кедергі келтіретін заңдарды (Н 1540 резолюция) қатаңдату өтінішіне қатысты Пәкістан заң да қабылдады. Заң ядролық, биологиялық, химиялық және зымырандық технологиялар мен материалдарды экспорттауды шектеуді және жазалауды күшейту туралы болатын. Бұл заңды бұзғандарға 14 жыл бас бостандығынан айырып түрмеге жабу, 5 млн рупий айып салу және мүлкін тәркілеу жазасы тағайындалатын. Пәкістанның мұндай заң қабылдауына жоғарыда айтылған ядролық қарумен сауда жасасу да әсер етуі мүмкін [3, с.19].

Қорыта келгенде, Оңтүстік Азияда орын алып отырған ядролық текетірес өзінің өте тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Мұндай жағдай 1960 жылдардың ортасына дейін КСРО мен АҚШ арасындағы конфронтацияға да тән болған. Мына жайтта текетірес екі мемлекеттің географиялық жақындастығы, әрі оларда ядролық қаруларды ескертудің және әскери басқаруының тепе-тең жүйесінің болмауы екі тараптың да белгілі нәрсеге мүдделі екенін көрсетеді.

Қолжетімді ақпарат көздері екі мемлекеттің ядролық қаруының төменгі әскери дайындық деңгейі туралы олардың рұқсат етілмеген қаруды қолдануды болдырмауын қамтамасыз етіп отыр дейді. Алайда дағдарыс немесе соғыс басталған тұста олар қажеттілікке қарай жоғары әскери дайындық деңгейінде болуы тиіс. Яғни ядролық қару-жарақтар жинастырылған, зымырандардың оқтықтары қондырылған, зымырандар соғыс жағдайына дайын. Егер осы іс-шаралар туралы белгілі болған жағдайда, екінші тарап мұны шабуылдауға дайындық деп қабылдауы мүмкін. «Қатерлі шешім» алдында тұрған мемлекет – «ұшыру керек пе, әлде жеңілу керек пе» дегенде – тарапты бірі (немесе екеуі де бірдей) салдары ауыр зардаптарға әкелетін қадамға баруы мүмкін. КСРО мен АҚШ 1962 жылы Кариб дағдарысы барысында осындай таңдау алдында тұрған еді. Ол кезде тек оңтайлы жағдайдың өзі-ақ ядролық соғысты болдырмауға әкелген болатын. Ал Пәкістан мен Үндістанға қатысты осындай жайт орын алуы мүмкін деп қабылдау үлкен оптимизм болар еді. Аса сенімді кепіл кешенді түрде жақсы ойластырылған және шынайы шаралар мен келісімдер ғана бола алады.

Ядролық соғыс үрейі белгілі уақытқа дейін екі тарапты да әскери жанжалды тудырмас үшін өте сақ болуға итермелейді. Алайда саяси жағдайларға байланысты бұған қол жеткізілмесе, тараптардың арасындағы әскери қақтығыс қазіргі жағдайда жылдам ядролық эскалацияға алып келіп соқтыруы әдбен ықтимал. Өз кезегінде мұндай әскери ядролық қақтығыс екі мемлекет үшін орны толмас орасан зор шығындар алып келсе, іргелес жатқан аумақтар мен бүкәл әлем үшін жанама ықпалы да айтарлықтай болады. Бұған қоса Оңтүстік Азиядағы ядролық державалардың бұрынғы қарама-қарсылығы мен теке-тіресіне қарағанда, аталған мемлекеттердің ішкі саяси тұрақсыздық факторы ахуалды одан әрі күрделендіре түседі. Ішкі саяси тұрақсыздық әскери, тіпті ядролық қақтығыстарға тікелей түрткі болуы әдбен ықтимал.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Matinuddin K. The Nuclearization of South Asia. - Karachi, 2002. - P. 82.
[2] Ядерное противостояние в Южной Азии / Под ред. А.Арбатова, Г.Чуфрина. - Москва, 2005. - С. 17.
[3] Khan A.K. Without Kahuta Nothing Was Possible // Herald [Karachi]. - 1998. - June. - Vol. 29. N 6. - P. 28.

REFERENCES

[3] Obshaya teoria prava i gosudarstva. Pod red. d.yu.n. professor V.V. Lazareva. М.: Yurist, 2011. 433 s. [in Rus.].

[4] Chirkin V.E. Osnovi gosudarstvennoi vlasti. Uchebnoe posobie. М.: Uyryst, 2009. 111 s. [in Rus.].

[5] Aristotel'. Politika. Afinskaya politiga. М.: Misl', 2008. 458 s. [in Rus.].

[6] Sartaev S.S. Obrazovanie i stanovlenie kazahskoi gosudarstvennosti. Alma Ata, 1960. 391 s. [in Rus.].

[7] Chirkin V.E. Osnovi sravnitel'nogo gosudarsvovedenia. М.: Izdatelskii dom «Artikul'», 1997. 352s. [in Rus.].

[8] Alekseev S.S. Obshaya teoria prava. T. 1. М., 1981. 382 s. [in Rus.].

[9] Ekonomika, obshchestvennoe ustroistvo i vlast'. Per. s nem. E. Lyapunovoi. Pod red. N. Golovina Weber M. Wirtschaft und Gesellschaft: Grundriss der verstehende Soziologie. Mohr Siebeck, 2002. 948 p. [in Rus.].

[10] Baimahanov M.T. Soyuznaya respublika forma nacional'noi gosudarstvennosti v kn.: Konstitucionnie osnovi statusa soyuznoi respubliki. Alma Ata: Nauka, 1985. 492 s. [in Rus.].

[11] Krasnoluckii G.N. Pravovoe i social'noe gosudarstvo: politologicheskie issledovaniya i puti stanovleniya. *Upravlencheskoe konsultirovanie*. 2009. N 2. S. 81-106 [in Rus.].

[12] Piotkovskiy A.A. Uchenie Gegelya o prave i gosudarstve i ego ugolovno-pravovaya teoriya. М., 1963. 492 s. [in Rus.].

[13] Keyzerov N.M. Vlast i avtoritet. Kritika burzhuaznyih teoriy. М., 1973. S. 17-19 [in Rus.].

[14] Nurpeisov E.K., Kotov A.K. Gosudarstvo Kazahstan: ot hanskoy vlasti k prezidentskoy respublike. Almatyi 1995, 321 s. [in Rus.].

[15] Fatkullin F.N., Fatkullin F.F. Problemyi teorii gosudarstva i prava. Uchebnoe posobie Kazan: KYuI MVD Rossii, 2011, 354 s. [in Rus.].

[16] Sartaev S.S. Istoriya gosudarstva i prava Kazahskoy SSR. Ch. II: Ucheb. posobie. Alma-Ata: Mektep, 1984, 231 s. [in Rus.].

**МЕМЛЕКЕТ БИЛІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРДІ
БӨЛУ ҚАҒИДАСЫ**

Құдайберді І.С.,

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ магистранты,
халықаралық құқық кафедрасы, Алматы, Қазақстан,
e-mail: tal1ga@mail.ru

Тірек сөздер: мемлекеттік биліг, тұлғалар, жүйелер, құқық, мемлекеттік орган.

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі таңдағы мемлекеттік биліктің мәні мен оның дамуына, сонымен қатар өкілеттіліктерді бөлу мен оны ұйымдастыру түрлеріне арналады.

Статья поступила 06.03.2017 г.

Mukasheva A.S.,

senior teacher, Faculty of Economic and Law, Kazakh Ablai Khan
University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: assel_taldik@mail.ru

Syzdykova A.A.,

senior teacher, Faculty of Economic and Law, Kazakh Ablai Khan
University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: altaevna_2011@mail.ru

**LEGAL FRAMEWORK OF FINANCIAL CONTROL OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN**

Keywords: Financial control, elements of financial control, government, the subject of financial control, tax control, budget control, currency control, auditor control.

Abstract. This article discusses the legal framework of financial control of the Republic of Kazakhstan and foreign countries. Specific requirements will be strictly executed against all concerned in the implementation and financial activities of the organization and of each state. Financial control is the authority of financial control, approved and systems as well as the Institute of financial law, defining the procedure of organization and conducting financial audit of the General Department. Financial control of resources of all parts of the financial system, the creation, distribution and use of specific services, to check their validity. Control of the means of production of wealth, exchange, distribution and consumption companies, a process that allows you to make the impact of the state, first and foremost.

ӘӘЖ 351.72; 347.73

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Мукашева А.С., экономика және құқық

факультеті аға оқытушысы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: assel_taldik@mail.ru

Сыздықова А.А., экономика және құқық факультеті

аға оқытушысы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: altaevna_2011@mail.ru

Тірек сөздер: қаржылық бақылау, қаржылық бақылаудың элементтері, мемлекет, қаржылық бақылаудың субъектісі, салықтық бақылау, бюджеттік бақылау, валюталық бақылау, аудиторлық бақылау.

Андатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердегі қаржылық бақылаудың құқықтық негіздері қарастырылады. Әрбір мемлекет қаржылық қызметтің ұйымдастырылуы мен жүзеге асуына қатысты барлық талаптары нақты және мүлтіксіз орындалатынына мүдделі. Қаржылық бақылау дегеніміз - бұл қаржылық бақылау органдар жүйесінің және құзыретін бекітетін, сонымен қатар қаржылық тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайтын қаржылық құқықтың жалпы бөлімнің институты. Қаржылық бақылау — қаржы жүйесінің барлық буындарының ресурстарын жасау, бөлу және оларды пайдаланудың негізділігін тексеруге бағытталған айрықшалық қызмет. Қаржының бақылау функциясы материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну процесіне қоғам, ең алдымен мемлекет тарапынан ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекетті қамтамасыз етудің негізгі жолы бюджетті қалыптасуы болғандықтан, қаржылық бақылау өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз. Сондықтан да, осы мақалада қаржылық бақылаудың мәнін ашуды жөн көрдік. Енді, бақылаудың түсінігін қарастыру үшін А.И. Худяков айтқандай, қаржылық бақылау айтарлықтай күрделі ұйымдық жүйені білдіретін келесі элементтерден тұратынын атап кетсек:

- а) бақылаудың субъектісі;
- б) бақылаудың объектісі;
- в) бақылаудың пәні;
- г) бақылаудың мақсаттары;
- д) бақылауды жүзеге асырудың әдістері [1, 216-б.].

Енді осы элементтерге жеке жеке тоқталып өтейік. Қаржылық бақылаудың субъектісі кім болып табылады? Бұл сұрақ бір қарағанда мағынасыз және тым қарапайым болып көрінуі мүмкін. Қаржылық бақылауды қаржылық бақылаудың органдары жүзеге асырады деп айту бұл сұраққа жауап беруде тым жеңілдетілген тәсілмен шешілетін еді, яғни бұл жерде тағыда мынандай сұрақ туындайды: қаржылық бақылаудың органдарын қалай түсінеміз?

Қаржы құқығының саласына мемлекеттік қаржы органдарымен жүзеге асырылатын қаржылық бақылау ғана жатқызылып қоймай, сонымен қатар мемлекетке мүлде жатпайтын, мысалы, аудиторлық бақылау, мемлекеттік емес ұйымдардың бухгалтерлерімен жүзеге асырылатын ішкі шаруашылық қаржылық бақылау және т.б. жатады. Яғни, мемлекеттік емес бақылаушылармен жүзеге асырылатын бақылау туралы сөз болмақ, оның объектісі жеке қаржы болып табылады.

Осылайша, мемлекеттік бақылау субъектілері ретінде, тиісті билік өкілеттіліктерін жүзеге асырушы тікелей мемлекеттік органдар, не болмаса, мемлекеттің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін мемлекеттік емес субъектілер болып танылады. Яғни, тексерілетін объектіге олар мемлекеттік бақылаушылар ретінде түседі.

Мемлекеттік емес субъектілермен (мысалы, мемлекеттік емес ұйымдардың бухгалтерлерімен, аудиторлармен) жүзеге асырылатын ақша операцияларына бақылау жасау мемлекеттік қаржылық

бақылауға жата алмайды [1, 217- б.].

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың объектісі болып мемлекеттік қаржы қызметінің саласында болған, яғни нақтырақ айтқанда: а) мемлекеттік органдар; б) мемлекеттік заңды тұлғалар; в) мемлекеттік емес заңды тұлғалар; г) азаматтар.

Мемлекеттік емес заңды тұлғалар және азаматтар мемлекеттің алдында өз қаржы міндеттемелерін орындауды тексеру тұрғысынан, соның ішінде ең негізгі орынды салық төлеу міндеттемелері мемлекеттік қаржылық бақылаудың объектісі ретінде түседі. Тексеру субъектілердің бұйрықтарды қаржы заңнамаларының, яғни, заңдылықты сақтау тұрғысында жүзеге асырылады. Сондықтан бұл жағдайда заңдылықты дәлме дәл сақтауда бақылау туралы емес, мемлекеттік қаржылық қадағалау туралы туралы айтқан жөн.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер тек қана заңдылыққа сәйкестігіне емес, сонымен қатар меншік нысаны бойынша әрқашанда мемлекеттік болып табылатын өз ақша қаражаттарын ұтымды жұмсау, сондай-ақ жалпы іс-жүргізу тұрғысынан олардың қаржылық нәтижелілігіне сәйкес тексеріледі.

Мемлекеттік органдар негізінен өздеріне жүктелген функцияларды олар қаншалықты дұрыс және тиімді орындалғандығын тексереді [1, 218-б.].

Қаржылық бақылаудың пәні – қаржылық құқықтық қатынастары субъектілері ретінде бақылау объектілерінің өз міндеттемелерін орындаудағы жүріс тұрысы.

Қаржы бақылауының мақсаты:

1) Қаржылық құқықтық қатынастарға қатысушылардың өз міндеттерін сапасыз орындау немесе қаржылық заңнаманы бұзу фактілерін табу;

2) Кінәлілерді табу және оларды бекітілген жауапкершілікке тарту

3) Қаржы тәртібінің бұзылуын және осы құқықбұзушылықтардың салдарын жою [1, 223-б.].

4) Қаржылық бақылау мыналарды тексереді: қаржылық заңдар талабының сақталуы; жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құнын бөлу және қайта бөлу үйлесімдерінің оңтайлылығы; бюджетті жасау және оның атқарылуы (бюджеттік бақылау); шаруашылық жүргізуші субъектілердің, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, басқа заңды тұлғалардың еңбек, материал және қаржы ресурстарының қаржылық жай-күйі және оларды тиімді пайдалану. Қаржылық бақылау сонымен бірге салықтық бақылауды да кіріктіред.

Қаржылық бақылаудың функциялары:

1) қаражаттардың жұмсалуды тексеру (шығыстардың сұралған сомаларға сәйкестігі және мемлекет қаражаттарының тиімділігі);

2) қаржы жүйесінің барлық буындары бойынша мемлекеттік ресурстарға қаражаттарды жұмылдырудың уақыттылығы мен толымдылығын тексеру;

3) есеп және есептеме қағидаларының сақталуын тексеру.

Қаржылық бақылауды жүзеге асыру мемлекеттік органдармен ұйымдастырылады. Қаржылық бақылаудың негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясынан бастау алады. Мұнда Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің, мәслихаттардың бақылау функциялары туралы айтылған. Қазақстан Республикасының Конституциясында қаржылық бақылаудың негізгі нормалары мен принциптері орын алады. Мысалы, құқықтық мемлекетті құру туралы қағиданы қаржылық бақылаумен де байланыстыруға болады. Парламент республикалық бюджетті бекітеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді деп Ата Заңда жазылған [2, 54-бап].

1) Сонымен қатар, Конституцияда салықты төлеудің міндеттілігі туралы да айтылған. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің негізгі бөлімі – салық болғандықтан, оны бюджетке төлеу міндетті болып табылады. Яғни, бюджеттің қалыптасуы мемлекеттің дамуы үшін маңызды болғандықтан мемлекет тарапынан қаржылық бақылау ұйымдастырылады. Қаржылық бақылаудың мәселесі бірқатар заңдарда жалғасын тапқан. Қаржылық бақылаудың тиімділігі оның дұрыс ұйымдастырылуымен тікелей байланысты болып келеді. Яғни, қаржылық бақылауды жүргізудің формасы мен әдістерін анықтау, бақылау субъектісін және олардың құқықтары мен міндеттерін анықтау қажет. Жалпы мемлекеттік бақылауды мемлекеттік билік және басқару органдары жүзеге асырады. Олар: Президент аппараты, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, жергілікті өкілді органдар, жергілікті әкімшілік органдар. Бақылаудың бұл түрін республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті, салық органдары, ҚР Ұлттық Банкі және басқа да органдар жүзеге асырады. Осы Концепцияға байланысты құқықтық мемлекет құруда қаржылық бақылауды жүзеге асырудың заң шығарушы органдардың рөлі күшейтілуде. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының Парламентінің қызметі бақылау субъектісі ретінде айрықшаланады және парламенттік бақылау деп аталынады. Аталған бақылаудың объектісі болып мемлекеттік шығыстар табылады: мемлекеттік бюджеттен шығыс шығаратын кез келген іс шараны бекітуге байланысты; шығарылған заңдардың мақсатына бюджетте көрсетілген шығыстардың сай келуі; бюджетті құрудағы ревизияға байланысты. Ш 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі);

2) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі»;

3) 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Кодексі;

4) 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңы;

5) 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы;

6) 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы;

7) 2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Экспорттық бақылау туралы» Заңы;

8) 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңы;

9) 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» заңы және т.б. [5].

Жылдар келе нормативтік актілердің өзгеріске ұшырап отыруы заңды құбылыс [6, 117-б.]. Дегенмен де қаржылық бақылауды жүзеге асыратын нормалардың қатарын әліде болса жетілдіре түсу қажет. Бұрынғы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға байланысты заң ауқымды болмады. Қолданыстағы мемлекеттік аудит пен бақылауға қатысты заңға бірқатар нормалар енгізілгенімен мәселе шешіле қойған жоқ деп ойлаймын. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын заңдарды әліде жетілдіре түсу қажет. Қаржылық бақылау нормаларға бытыраңқы. Осы нормаларды бірегейлендірсе дұрыс болар деген ойда екен.

ӘДЕБИЕТ

[1] Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, ТОО «Издательство «Норма-К». – 2002. - 272 с.

[2] Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы (2007 жыл 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулар). - Астана, 2007.

[3] Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2001. –161 б.

[4] Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазыналық комитеті туралы ережесі. 1999 жыл 24 мамырдағы Үкімет қаулысымен бекітілген. I тармағы.- Астана, 1999.

[5] Мукашева А.С. Қаржылық бақылауды ұйымдастырудың құқықтық негіздері // Трехъязычие как форма освоения актуально информации и обретение смысла перемен: Материалы РНМК, посвящ. 25-летию Независимости РК и 20-летию КАУ. 28 февраля 2017. - Алматы: КАУ, 2017.

[6] Мукашева А.С. Қаржылық бақылауды ұйымдастырудың құқықтық негіздері // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2009. - № 3 (51).

REFERENCES

[1] Hudyakov A. Finansovoe pravo Respubliki Kazakstan. Obshaya chast. Almaty: TOO “Izdatel’stvo “Norma-K”, 2002. P. 272 [in Rus.].

[2] Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgy Kostitutsiyasy (2007 zhyl 21 мамыrdagy ozgerister men tolytyrular). Astana, 2007 [in Kaz.].

[3] Melnikov D., Ilyasov K. K. Financy. Almaty: Karzhy-karazhat, 2001. 161 s. [in Rus.].

[4] Kazakstan Respublikasynyn Karzhy ministriginin Kazynalyk komiteti turaly erezhesi. 1999 zhyl 24 мамыrdagy Ukimet kaulysymen bekitilgen. 1 tarmagy. Astana, 1999 [in Kaz.].

[5] Mukasheva A. Karzhylyk bakylaudy uiymdastyrudyn kukykytky negizderi. In: Trekhyazychie kak forma osvoeniya aktualno informacii I obretenie smysla peremen: Mater. RNMK, posvesh. 25-letiyu Nezavisimosti RK I 20-letiyu KAU. 28 fevralya 2017. Almaty, KAU, 2017 [in Kaz.].

[6] Mukasheva A. Karzhylyk bakylaudy uiymdastyrudyn kukykytky uiymdastyrudyn kukykytky negizderi. *KazUU habarshysy. Zan seriyasy*. 2009. No 3 (51) [in Kaz.].

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Мукашева А.С.,

старший преподаватель кафедры «Международное право»
факультета экономики и права,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: assel_taldik@mail.ru

Сыздыкова А.А.,

старший преподаватель кафедры «Международное право»
факультета экономики и права,
e-mail: altaevna_2011@mail.ru

Ключевые слова: финансовый контроль, субъекты финансового контроля, государство, элементы финансового контроля, налоговый контроль, бюджетный контроль, валютный контроль аудиторский контроль.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы финансового контроля в Республике Казахстан и зарубежных странах. Конкретные требования будут выполнены неукоснительно в отношении всех заинтересованных в реализации и финансовой деятельности организации и каждого государства. Финансовый контроль - это полномочия органов финансового контроля, утверждаемыми и системы, а также институт финансового права, определяющих порядок организации и проведения финансовой проверки общего отдела. Финансовый контроль — ресурсов всех звеньев финансовой системы, создания, распределения и использования специфических услуг, направленных на проверку их обоснованности. Функция контроля средств производства материальных благ, обмена, распределения и потребления, общества, процессе, прежде всего со стороны государства позволит способствовать.

Статья поступила 4.03.2017 г.

LEGAL REGULATION OF FOREIGN INVESTMENT IN THE FIELD OF SUBSOIL RESOURCES UTILIZATION

Mukasheva A.S.,

Senior teacher, Faculty of Economic and Law, Kazakh Ablai Khan
University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
e-mail:assel_taldik@mail.ru

Kudaibergen M.D.,

student, specialty “International Law”,
Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan,
e-mail:kmd.liv@gmail.com

Keywords: investment activity, investor, Committee, subsoil, national regime, law.

Abstract. This article is oriented to the investment policy of the Republic of Kazakhstan at the present stage the main issues, aimed at creating a favorable investment climate. It is recognized as foreign investors in the sphere of subsoil use in Kazakhstan, the special subject of investment activity, the issues of regulation of investment relations. And also, in this article, consider raising questions about the common investment law as a field, subjects of investment relations, including the types and legal status of foreign investor and issues of investment agreements.

ӘӨЖ 349.028:622

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Мукашева А.С.,

экономика және құқық факультетінің аға оқытушысы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail:assel_taldik@mail.ru

Құдайберген М.Д.,

«Халықаралық құқық» мамандығы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Халықаралық құқық кафедрасының 4-курс студенті,
Алматы, Қазақстан, e-mail: kmd.liv@gmail.com

Тірек сөздер: инвестициялық қызмет, инвестор, Комитет, жер қойнауы, ұлттық режим, заңнама.

Аңдатпа. Бұл мақала қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының инвестициялық негізгі саясаты болып табылатын қолайлы инвестициялық климат құру мәселесіне бағытталған. Онда инвестициялық қызметтің ерекше субъектісі ретінде танылатын шетелдік инвесторларының Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық қатынастарды реттеу сұрақтары қарастырылады. Сондай-ақ, бұл зерттеу жұмысы барысында жалпы инвестициялық қатынастардың құқық саласы ретіндегі мәселелері көтеріледі, инвестициялық қатынастардың субъектілері, оның ішінде шетелдік инвесторлардың құқықтық мәртебесі қозғалады және инвестициялық шарт түрлері қарастырылатын болады.

Қазіргі таңдағы нарықтық экономика заманында Қазақстан үшін бәсекеге қабілетті дамыған мемлекеттер қатарына қосылу тапсырмасы алдыңғы кезекте тұр. Осыған сәйкес, Елбасы тапсырмасымен ішкі және сыртқы сауда-экономикалық байланыстарымызды дамытуға

арналған жан-жақты әрекеттер жасалуда. Сондай әрекеттердің бірі – шетелдік инвестицияларды қолайлы инвестициялық климат саясаты арқылы Қазақстан экономикасына тарту болып табылады. Шетелдік инвестордың Қазақстан Республикасы аумағында еркін инвестициялық қызмет жасауына кедергілерді барынша жойып, олардың кәсіпкерлік қызметпен еркін айналысуына жағдай жасау Қазақстанның инвестициялық саясатының негізі деуге болады.

Заң ғалымдары құқықтық қатынас түсінігінің мазмұнын ашу мақсатында оны сипаттайтын белгілерді атап көрсеткен. Олар: 1) құқықтық қатынас қоғамдық қатынастардың құқықтық сипатына ие болған қатынас түрі; 2) құқықтық қатынастар құқықтық норма негізінде пайда болады; 3) құқықтық қатынастардың субъектілері нақты белгіленген; 4) құқықтық қатынастардың қатысушылары әрқашан субъективті құқықтар мен заңи міндеттемелерге ие болады; 5) құқықтық қатынас саналы және ерікті сипатқа ие; 6) құқықтық қатынастар мемлекет тарапынан қорғалады [1].

Жоғарыда келтірілген белгілерді инвестициялық құқықтық қатынастарға сәйкестендіретін болсақ келесідей бейне пайда болады. Біріншіден, инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында көптеген қоғамдық қатынастар пайда болады, ең алдымен мүліктік қатынастар. Осы қатынастардың тек құқықтық сипатқа ие болғандары ғана инвестициялық құқықтық қатынастар болып танылады. Екіншіден, инвестициялық қатынастар әрқашан құқықтық нормалар негізінде пайда болады (келісім, келісім шарт). Үшіншіден, инвестициялық құқықтық қатынастардың қатысушылары нақты белгіленген (инвестор және инвеститор). Төртіншіден, инвестициялық құқықтық қатынастардың қатысушылары өзара құқықтар мен міндеттемелерге ие болады. Бесіншіден, инвестициялық құқықтық қатынастар әрқашан азаматтық құқықтың басты қағидасы болып табылатын тараптардың ерік білдіруі мен саналы әрекеті негізінде пайда болады. Алтыншыдан, инвестициялық құқықтық қатынас тараптарының заңи нормалармен бекітілген құқықтары мен міндеттемелерін толық орындауы мемлекет тарапынан тиісті жағдайлар жасалады.

С.П. Мороздың келтірген сипаттарына қарай автор инвестициялық құқықтық қатынастардың құқықтық мазмұны олардың азаматтық-құқықтық қатынастардың бір түрі болып табылатындығына көзі жетті. Сондықтан, автор өз тарапынан мұндай қатынастарды инвестициямен және инвестициялық қызметпен байланысты азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынас ретінде қарастырды.

Инвестициялық қатынастар оның субъектілері арқылы жүзеге асырылатындығы анық. Ал олардың жіктелуін заң ғалымдары әрқалай қарастырады. Инвестициялық қатынастардың негізгі субъектісі болып мемлекет пен инвестор (шетелдік және ұлттық) танылады. Инвестиция

туралы заңның қабылдануымен инвесторлардың (шетелдік немесе ұлттық) құқықтық мәртебесі нақты айқындала түсті. Инвестициялық заңнамаға сәйкес, инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі. Инвестор: 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа инвесторлардың кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектілері мен түрлеріне инвестицияларды жүзеге асыруға; 2) Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін актілер шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген зиянды инвестордың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтетуге; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға; 4) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банк және валюталық заңнамасына сәйкес ұлттық валютада және (немесе) шетелдік валютада банк шоттарын ашуға құқығы бар.

ҚР инвестициялық заңнамасы бойынша инвесторларды шетелдік немесе ұлттық деп бөліп қарастырмайтындығын қайталап өтеміз. Алайда, заңнамаға жүгінетін болсақ, инвесторлардың құқықтық мәртебесіне қарай ерекшеленетіндігін аңғаруымызға болады. Сондай артықшылықтардың бірі инвестициялық преференциялар беру болып табылады. Инвестициялық преференция ұғымы ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 281-бабының 1-тармағында келесідей түсіндіріледі: инвестицияларды мемлекеттік қолдау инвестициялық преференциялар беру болып табылады. Яғни, инвесторлардың құқықтық мәртебесін айқындаудағы бірден бір белгі – мемлекет тарапынан қолдау беру дегенге келеді.

Бұл жерде айта кетерлік бір жайт бар, заңды күшін жойған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңда преференциялар тек белгіленген инвесторларға берілетіндігі нақты көрсетілген болатын, ал жаңа нормада аталған түсінік жоқ. Тек инвестордың жалпы түсінігі қалыптасқан, ол бойынша инвестор деп ҚР аумағында инвестициялық қызмет атқаратын жеке және заңды тұлға болып табылады. Бір қарағанда заңнамада тек бір топтың барын анықтауға болады – инвестор (шетелдік немесе ұлттық инвестор болғандығына қарамастан олар бірдей құқық қабілеттік пен әрекет қабілеттікке ие). Сәйкесінше, ҚР Кәсіпкерлік кодексінде «белгіленген инвестор» деген

термин қолданылмаса да, қосымша жеңілдіктер мен преференциялар беруді қарастыратын арнайы құқықтық мәртебе сақталған.

Заң ғылымында жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастардың екі тобы қалыптасқан: 1) жер қойнауына байланысты мемлекеттік меншік қатынасы (пайдалы қазбаларға байланысты қатынасты қоса алғанда); 2) жер қойнауын пайдалану және иелену қатынасы (жер қойнауын пайдалану институты) [2]. Бұл жерде, жер қойнауына байланысты мемлекеттік меншік қатынасы жария құқықтық қатынастың, ал жер қойнауын пайдалану және иелену қатынасы – жеке құқықтың (бірінші кезекте азаматтық құқықтың) реттеу аясына жатқызылады. Мемлекет жер қойнауының жалғыз және сөзсіз меншік иесі ретінде жер қойнауын пайдалану мен оны қорғаудың негіздері мен тәртібін белгілейді, жер қойнауын пайдалану режимін белгілейтін құқықтық нормалар қабылдайды. Ең алдымен жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтындығы белгілі. Сәйкесінше, ҚР Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында жер пайдаланушының арнайы құқықтары мен міндеттері қарастырылған. Бұл жердегі мемлекеттің инвестициялық құқықтық қатынастардың ерекше субъектісі болып танылатындығын айта кеткен жөн.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастардың негізгі субъектісі болып инвестор қатысады, сонымен қатар, мемлекет те өзінің уәкілетті органдары атынан инвестициялық қатынас айналымының қатысушысы болып табылады. Екі субъект инвестициялық құқықтық қатынастарға жеке құқықтық қатынастың бастауы болатын теңдік және өзара еріктілік негізінде әрекет етеді. Алайда, бұл жерде жария құқықтық қатынас элементінің де барын мойындауымыз қажет. Бұл дегеніміз, жер қойнауын пайдаланушы инвестордың құқықтық мәртебесі оның мемлекетпен берілген және ҚР заңнамасымен бекітілген субъективті құқықтарымен айқындалатындығын білдіреді.

Инвестициялық қызметтің мемлекет тарапынан реттелуі жан-жақты сипаттарға ие. Оның өзіндік әдіс тәсілдері мен жолдары бар, ал сол әдіс тәсілдер мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет инвестициялық қызмет саласын реттеудегі негізгі субъект болып табылады. Өз кезегінде, мемлекет инвестициялық қатынастарды реттеу барысында инвестициялық қызмет субъектілеріне әртүрлі әсер ету тәсілдері мен нысандарын қолданады. Мемлекеттік меншігіне қатысты қатынастарда меншік иесі ретінде қатыса алады, сондай-ақ, мемлекет меншігіне жатпайтын объектілерге қатысты қатынастарда реттеуші есебінде бола алады. Тиісінше, бірінші жағдай бойынша мемлекеттік басқару туралы сөз қозғалып отыр, ал екінші жағдайда – инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу жайлы айтылған.

Мемлекеттік басқару – бұл мемлекеттік меншікке тікелей қатысты

құқықтық институт, өйткені, басқару дегеніміз меншікке деген қатынасты білдіретін тәсіл болып табылады. Мемлекеттік меншікті мемлекеттік басқару арнайы мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар және жеке тұлғалар секілді басқару субъектілерінің өзара әрекет етуі арқылы жүзеге асырылады. Жекелей айтсақ, жер қойнауын басқару бойынша қоғамдық қатынас жүйесінде бір жағынан жер қойнауын пайдаланушылар (заңнама бойынша жер қойнауын пайдалануға байланысты тиісті жұмыстар атқару құқықтарына ие жеке және заңды тұлғалар) қатысады; екінші жағынан – тиісті мемлекеттік басқару органдары (министрліктер, комитеттер және т.б.) қатысады. Мұнымен қоса, аталған субъектілер арасындағы қоғамдық қатынастар толықтай билік пен бағыныштылыққа негізделген вертикалды басқару құқықтық қатынастары болуы мүмкін (мысалы, табиғи ортаны және жер қойнауын қорғауға қатысты қатынастар), және ешқандай бағыныштылық жоқ горизонталды қоғамдық қатынастар бола алады (мысалы, келісімдік құқықтық қатынастар).

Осылайша, автор, заңнаманы талдау барысында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде пайда болатын қатынастарды мемлекеттік реттеудің келесідей ерекшеліктерін анықтай алды. Инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу инвестициялық құқықтың жеке институтын құрайды. Ол өз кезегінде екі құрылымдық бөлімдерге ажыратылады: тікелей мемлекеттік реттеу – мемлекеттік инвестиция саласында, жер қойнауын пайдалану және табиғатты пайдалану саласының өзге түрлері бойынша, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру саласында және т.б. жүзеге асырылады. Екінші құрылымдық бөлімі- бұл елдегі инвестициялық процестерді жанама реттеу, яғни, инвесторлардың құқықтарына мемлекеттік кепілдіктер беру, инвестицияны қорғау және экономиканың маңызды секторларында инвестициялық қызметпен айналысатын шетелдік инвесторларға мемлекеттік қолдау көрсету (инвестициялық салықтық преференциялар беру арқылы, кедендік алымдардан босату, мемлекеттік заттай гранттар табыстау арқылы жүзеге асырылады). Тиісінше, тікелей мемлекеттік реттеу әкімшілік шаралары мен әсер ету тәсілдері арқылы реттеледі, ал жанама реттеу инвестициялық қатынастарға серпін беретін сипаттағы экономикалық шаралар көмегімен жүзеге асырылады.

Шаруашылық өмірдің халықаралық нарықтарға шығуына байланысты мемлекеттер қолайлы инвестициялық климат құру мақсатында халықаралық стандарттардың сақталуына аса қатты мән беруде. Халықаралық стандарт ретінде екіжақты және көпжақты келісімдерде белгіленген халықаралық ережелер танылады. Тиісінше, мемлекеттер аталған ережелер бойынша қатысушы халықаралық құқықта көрсетілген шетелдік инвестицияларды реттеуге

байланысты қағидаларды ұстанады және сол бойынша өзіне белгілі бір міндеттемелерді жүктейді. Аталған халықаралық келісімдерге мемлекеттердің өзара жасасқан екіжақты келісімдері мен көпжақты халықаралық келісімдер жатқызылады (мысалы, 1985 жылғы Сеул Конвенциясы, 1965 жылғы Вашингтон Конвенциясы, 1994 жылғы Энергетикалық хартиясы және т.б.).

Қазақстанның инвестициялық тартылымдығының маңызды бағыттарының бірі болып табылатын инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау саласындағы халықаралық құқықтық базаны жетілдіру. Қазақстан шетелдік инвестициялық капитал салымы бойынша әлемдік көшбасшылары болып табылатын елдермен Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы 47 екіжақты және 1 көпжақты (ЕурАЗЭҚ) келісімге қол қойды. Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімдер шетелдегі қазақстандық инвестицияларды және Қазақстан аумағындағы шетелдік инвестицияларды қорғау үшін қолайлы құқықтық жағдайлар жасайды. ҚР жасасқан инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімдерде қатысушы мемлекеттерге екі режим ұсынылады: 1) ұлттық режим; 2) барынша қолайлы режим.

Шетелдік инвестицияларды халықаралық реттеудегі көпжақты келісімдердің маңызын атап өтуім қажет деп санаймын. Шетелдік инвестицияларды көпжақты реттеу екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасты. Қазақстан республикасы үшін қолайлы инвестициялық климат құру мақсатында және экономиканың дамуына серпін беретін бірден-бір құрал деп көпжақты инвестициялық келісімдерді танылады. Инвестиция саласына байланысты көпжақты келісімдер халықаралық инвестициялық қатынастарды реттеуге бағытталған ауқымды механизмін құруға бағытталған. Ол өз кезегінде, инвестициялық режимдерінің сақталуына, шетелдік инвестицияларды қорғауға және инвестициялық дауларды әділ шешу қағидаларына негізделеді.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды аймақты реттеу тәуелсіз мемлекеттер достастығы негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ТМД) құрылуынан бастап 5 жыл ішінде 1300-ден астам өндірістік, әлеуметтік және гуманитарлық салалар бойынша келісімдер жасалды [3]. Аймақтағы мемлекеттер арасындағы инвестициялық қатынастарды дамыту мақсатында бірқатар келісімдер жасалды. Сондай келісімдердің бірі Инвестициялық қызмет саласындағы келісім болып табылады (Ашхабат қаласы, 1993 жылдың 24 желтоқсаны). Аталған келісімді қолдау мақсатында мүше мемлекеттермен «Инвесторлардың құқығын қорғау» туралы конвенция қабылданды. Мұндағы нормалар барлық мүше мемлекеттер үшін бірыңғай кепілдендірілген инвестициялық кеңістік құруға бағытталған. «Инвесторлардың құқығын қорғау» туралы конвенция 1997 жылы 28 наурызда Мәскеу қаласында

қабылданып, Қазақстан Республикасы оны 2000 жылдың 16 мамырында ратификациялады.

Осылайша, инвестициялық қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу үш деңгейде жүзеге асырылады: 1) екіжақты инвестициялық келісім; 2) көпжақты инвестициялық келісім; 3) инвестиция саласы бойынша аймақтық келісім.

Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері деп заңнамамен бекітілген құралдар танылады. Олар арқылы құқықтың бұзылуының алдын алуға, оны болдырмауға және жоюға болады, сондай-ақ, бұзылған құқық қалпына келтіріледі немесе келтірілген зиян өтеледі. Азаматтық құқықтың қорғалу тәсілдері түрлі негіздерге байланысты: қолдану саласы бойынша – әмбебап және арнайы; жүзеге асыру тәсілі бойынша – сотқа талап-арыз жазу арқылы, мемлекеттік органдарға жүгіну арқылы, құқықты өз бетінше қолдану; заңи әрекеттердің мазмұнына байланысты – материалды-құқықтық және процессуалды-құқықтық; және т.б.

Жалпы, азаматтық құқықтарды қорғау екі түрлі нысанда жүзеге асырылады – сот арқылы және соттан тыс (сотқа дейін де болуы мүмкін). Соттық тәртіпте қорғау нысаны азаматтық құқықтарды қорғауға байланысты ҚР сот органдарының қызметін қамтиды. Ал соттан тыс (сотқа дейінгі) қорғау нысаны қамтиды: азаматтық құқықтарды претензиялық тәртіппен қорғау, азаматтық құқықтарды нотариалды қорғау, азаматтық құқықтарды төрелік сотта қарау немесе халықаралық коммерциялық арбитражда қарау [4].

Тиісінше, инвестициялық келісімнің басты тарабы ретінде саналатын инвесторлар өздерінің азаматтық құқықтарын қандай нысанда қорғалатынын еркін таңдай алады – сот арқылы немесе соттан тыс (сотқа дейін) нысанда. Сондай-ақ, инвестор дауға негізгі болған немесе бұзылған құқықтарын қарайтын органды да таңдауға құқылы – сот, төрелік сот, халықаралық арбитраж, билік және басқару уәкілетті органы және т.б.

Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану саласындағы инвесторлардың инвестициясын құқықтық қорғау ұлттық заңнамамен және халықаралық норма бойынша жүзеге асырылады. Халықаралық нормаларға екіжақты және көпжақты келісімдер жатады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 274-бабының талаптарына сәйкес, инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау инвестициялық дау болып табылады. Заңнамаға сәйкес, келесі даулардың түрі инвестициялық даулар болып табылады: 1) инвестицияларды жүзеге асыру бойынша шарттарды жасауға, өзгертуге және бұзуға байланысты даулар; 2) инвестицияны жүзеге асыру бойынша келісім-шарттан туындайтын инвестордың

салық, әлеуметтік, экологиялық және тағы да басқа міндеттерін орындау, сондай-ақ, инвестордың келесім-шарт шеңберінде салынған соммасын қорғау бойынша даулар; 3) инвестицияларды жүзеге асыру бойынша келісім-шарттардың шарттарын сақтау бойынша тексеру барысында мемлекеттік органдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) инвесторлармен шағымдану бойынша даулар; 4) заттай грант ретінде инвесторларға берілген мүлікті қайтарып алуға немесе инвестицияны жүзеге асыру бойынша келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату барысында аталған мүліктің құнын қайтару бойынша даулар; 5) инвестицияны жүзеге асыру үшін келісім-шарттың өзара міндеттерін орындауға байланысты инвесторлардың талап арыздары бойынша, әлде мемлекеттік органдардың талап арыздары бойынша даулар. Азаматтық іс жүргізу кодексінің нормаларына сәйкес Жоғарғы Сотпен, тараптары ірі инвестор және мемлекеттік орган болып табылатын инвестицияны жүзеге асыру бойынша келісім-шарттың өзара міндеттерін орындауға байланысты даулар қаралады. Астана қалалық соты инвестиция көлемі 2 миллион АЕК-тен аз болатын инвестициялық даулар бойынша, сондай-ақ инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді. Ал аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың соттылығына төмендегілер жатады: 1) инвестициялық қызметке қатысу жоқ инвесторлардың қатысуымен байланысты қарым-қатынастардан туындайтын өзге даулар. Ондай дауларға жұмыскерлер мен инвестор арасындағы еңбек, инвестордың қатысуымен корпоративтік, инвестордың кесірінен болған және тағы да басқа міндеттерден туындайтын дауларды жатқызуға болады. 2) оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде инвестор қатысатын даулар.

Осылайша, ҚР заңнамасы бойынша, қандай инвесторлардың туындаға инвестициялық даулар бойынша қандай сот органдарына жүгіну керектігін айқындап берді. Бұл өз кезегінде, мемлекеттің инвестициялық саясатының негізі, яғни, шетелдік инвесторларға қолайлы инвестициялық жағдай жасау.

Инвестициялық құқықтық қатынастар өзге де құқық қатынастары сияқты өздігінен пайда болмайды. Инвестициялық құқық қатнастарының пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуының ең басты негізі шарт болып табылады. Инвестициялық шарт – бұл экономикалық сала бойынша ажыратылатын азаматтық-құқықтық шарттардың ерекше бір түрі. Ал дәл жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттар олардың қатысушы субъектілері бойынша жәктеледі. Осыған қарай келісімшарттың келесідей түрлерін бөліп қарауға болады: 1) барлауға, өндіруге, пайдалы қазбаларды бірлескен барлау мен өндіруге байланысты келісімшарт (уәкілетті орган ретінде ҚР Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі саналады); 2) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға

және (немесе) пайдалануға не жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (уәкілетті орган ретінде ҚР Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі жанындағы геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті саналады); 3) коммерциялық мақсаттағы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарт (уәкілетті орган ретінде жергілікті атқарушы орган саналады)[5]. Сонымен қатар, жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарттардың келесідей түрлері қазіргі таңда іс тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Олар: 1) «роялти – табыс салығы» түріндегі келісім; 2) концессиялық келісім; 3) өнімді бөлісу туралы келісім; 4) қызмет көрсету келісімшарты; 5) біріккен қызмет туралы келісім.

Автор, зерттеу жұмысын қорыта келе, Қазақстан Республикасы үшін қолайлы инвестициялық климат құру мақсатында келесідей ұсыныстарды енгізеді. Біріншіден, шетелдік инвесторлардың Қазақстан аумағында инвестициялық қызметпен еркін айналысуына толық кепілдік берілуі тиіс. Ол заңнама негізінде нақты бекітілуі қажет. Атап айтар болсақ, шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін халықаралық құқық қағидасының (*pacta sunt servanta*) бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету. Екіншіден, инвестициялық заңнамада «белгіленген инвестор» терминін енгізу қажет. Себебі, бұл инвестициялық артықшылықтар мен преференциялардың нақты қай инвесторларға арналғандығын айқындауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, инвестиция жөніндегі Комитеттің азаматтық-құқықтық қатынастарға байланысты өкілеттік шегін ұлғайту қажет. Бұл мемлекет пен инвестор арасындағы өзара мүдделерін нақты айқындап, ортақ баланс ұстауға септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Халфина Р.О. Общее учение о правоотношении. - М.: Юрид. лит., 2013. - С. 90-92;
- [2] Фархутдинов И.З. Инвестиционное право. – М.: Волтерс Клувер, 2012. - С. 60.
- [3] Алексеев С.С. Проблемы теории права. - Свердловск: СЮИ, 2013. - С. 278.
- [4] Брагинский М.И. Договорное право: Общие положения. - М.: Статут, 2000. - С. 226.
- [5] Мауленов К.С. Государственное управление и правовое регулирование в сфере иностранных инвестиций в Республике Казахстан. - Алматы: Жеті Жарғы, 2000. - С. 319-331.

REFERENCES

- [1] Halfina R.O. Obshee uchenie o pravootnoshenii. M.: Jurid.lit., 2013. S. 90-92 [in Rus.].
- [2] Farhuddinov I.Z. Investicionnoe pravo. M.: Volters Cluver, 2012. S. 60 [in Rus.].
- [3] Alekseev S.S. Problemy teorii prava. Sverdlovsk: SJI, 2013. S. 278 [in Rus.].
- [4] Braginski M.I. Dogovornoe pravo: Obshie polozhenia. M.: Staut, S. 226 [in Rus.].
- [5] Maulenov K.S. Gosudarstvennoe upravlenie I pravovoe regulirovanie v sfere inostrannyh investicii v Respublike Kazakhstan. Almaty: Zheyi Zhargy, 2000. S. 319-331 [in Rus.].

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В СФЕРЕ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ

Мукашева А.С.,

старший преподаватель кафедры «Международное право»
факультета экономики и права, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: assel_taldik@mail.ru

Құдайбергел М.Д.,

студент, специальность «Международное право»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан,
e-mail: kmd.liv@gmail.com

Ключевые слова: инвестиционная деятельность, инвестор, комитет, недра, национальный режим, закон.

Аннотация. Данная статья направлена на сегодняшнюю политику Республики Казахстан по созданию благоприятного инвестиционного климата. Здесь рассматриваются вопросы иностранного инвестора как особого субъекта инвестиционных отношений в сфере недропользования в Республике Казахстан. А также, в данной работе поднимаются вопросы инвестиционного права как особенная отрасль права, субъекты инвестиционного права, в особенности вопросы о статусе иностранного инвестора.

Статья поступила 04.03.2017 г.

ISSUES OF LEGAL REGULATION OF INSTITUTE OF EUTHANASIA IN THE EUROPEAN COUNTRIES

Sadyrbayeva Zh.K.,

master's degree student, speciality "International law",
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: mystery_girl_92@mail.ru

Keywords: The right for life, euthanasia, the right to death, suicide, medical assistance.

Abstract. This article is considered on fundamental human rights – the right for life, which is admitted as the main value of the world surrounding us by the world community. However along with it, there is also a question not only about preservation of the life, as about her accommodation with advantage. It in turn puts new calls before society, about quality of life and humane relation to it. In other words if the person has the right for worthy life then there is a question whether he has the same right for worthy death. May he choose or appoint the moment of her ending (termination) independently? If "Yes" then shouldn't it be fixed at the legislative level not only the right for life, but also the right to death?

УДК 341

ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ЭВТАНАЗИИ В СТРАНАХ ЕВРОПЫ

Садырбаева Ж.К.,

магистрант, специальность «Международное право»,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан,
e-mail: mystery_girl_92@mail.ru

Ключевые слова: право на жизнь, эвтаназия, право на смерть, самоубийство, врачебное содействие.

Аннотация. В данной статье рассматриваются основное право человека – право на жизнь, которое признается мировым сообществом главной ценностью окружающего нас мира. Однако наряду с этим, также стоит вопрос не столько о сохранении самой жизни, как о проживании ее с достоинством. Это в свою очередь ставит новые вызовы перед обществом, о качестве жизни и гуманном к ней отношении. Говоря иными словами, если человек имеет право на достойную жизнь, то имеет ли он такое же право на достойную смерть. Может ли он самостоятельно выбирать или назначать момент ее окончания (прекращения)? Если «Да», то не должно ли тогда на законодательном уровне иметь закрепление не только право на жизнь, но и право на смерть?

Среди основных прав человека, закрепленных в международном праве и в законодательстве многих стран, самым важным является право на жизнь. Это право, принадлежит каждому человеку от его рождения и признается абсолютным и неотчуждаемым. В связи с признанием права на жизнь главной ценностью современного общества, то в том же обществе возник справедливый вопрос, по отношению лишения человека жизни, как правомерного, так и добровольного. Таким образом, общество вывело вопросы жизни и смерти в ранг общечеловеческих, глобальных проблем, рассматривая их с юридической, философской, религиозной, моральной и иных точек зрения. В этой связи, на сегодняшний день наиболее спорным и актуальным является самоубийство при врачебном содействии, известное так же, как «эвтаназия».

При этом, само право человека на преждевременное прерывание своей жизни не всегда отрицалось человечеством. Это прежде всего зависело от общественного мнения, его осознанности, и восприятию акта смерти индивидом и обществом. В древние времена люди верили в перерождение души, и считали, что она отделялась от тела временно. Как считали ацтеки, люди могли перерождаться и душа переселялась в другое тело, так происходил круговорот жизни [1, с.61].

В тоже время в древней Греции эта тема имела иные аспекты обсуждений. Так, Платон, Сократ, Аристотель утверждали, что для страдающих, которые находятся в предсмертном состоянии «легкая смерть» приносит пользу [2, с.3].

Как видно, вопросы жизни и смерти, издревле тревожили мысли людей. Термин «эвтаназия» впервые был использован в XVII веке в работе английского философа Ф. Бэкон «О достоинстве и приумножении наук», где говорилось: «Я абсолютно уверен, что обязанность врача состоит не только в том, чтобы облегчать страдания, причиненные болезнями, и это не только тогда, когда такое облегчение может привести к излечению, но даже и в том случае, когда уже нет абсолютно никакой надежды на спасение и можно сделать саму смерть более легкой и спокойной, потому что эта эвтаназия, о которой так мечтал Август, уже сама по себе является не малым благом...» [3].

В XIX веке под «эвтаназией» стали понимать «умертвление из жалости», и в 1935 году в США даже было создано «Общество эвтаназии» [4, с.5].

На сегодняшний день можно встретить разные определения для этого термина. В «Энциклопедическом словаре медицинских терминов» он определяется как: «намеренное ускорение смерти или умерщвление неизлечимо больного, находящегося в терминальном состоянии, с целью прекращения его страдания». Организация «HealthcareopposedtoEuthanasia» («Борцы за здоровье против эвтаназии») характеризуют эвтаназию следующим образом: «это преднамеренное убийство или потеря человека, чью жизнь считают недостойной продолжения» [5, с.40].

Даже исходя из этих определений, можно заметить насколько расходятся мнения общества в вопросах лишения жизни человека. Если одни считают это «актом милосердия» и согласны с применением эвтаназии для «прекращения страданий» человека, то другие воспринимают ее как «оскорбление ценности жизни».

Исходя из того, что законы регулируют общественные отношения, возникает вполне естественная потребность в регулировании государством данных отношений, учитывая возрастающую актуальность этой темы в обществе. Вопрос о легализации эвтаназии на сегодняшний день вызывает в Европе куда больше споров, чем, например, однополые браки. Первой Европейской страной официально легализовавшей эвтаназию стала Голландия, где был принят закон «О проверке случаев окончания жизни по просьбе пациента и оказания помощи при самоубийстве» [6]. Данный закон был рассмотрен Первой палатой парламента Нидерландов 10 апреля 2001 года и вступил в силу 1 апреля 2002 года, с тех пор в него несколько раз вносились изменения. Основной причиной, конечно же можно считать слишком широкий спектр вопросов правильности применения эвтаназии, и нужного контроля за её исполнением.

Согласно Голландскому законодательству, эвтаназия «это всякое действие, направленное на то, чтобы положить конец той или иной личности, идя навстречу ее собственному желанию, и выполненное незаинтересованным лицом» [6].

Модель благосостояния остается относительно неизменным в течение 1980-х и 1990-х годов, и оно стало более щедрым, например, в родительском страховании. Безработица никогда не достигала более высокого уровня, чем на 5 процентов и продолжает находиться на этом уровне с 1990-х годов. На основе запасов нефти, норвежские государственные финансы остаются основой государственного бюджета.

Норвежская стратегия модернизации следовало примерно по той же схеме, как и в других скандинавских странах. После Второй мировой войны, общая модернизация системы исследования было приоритетным, исходя из предположения, что фундаментальные исследования, в конечном счете приведет к технологическим инновациям, новых продуктов и высокими темпами экономического роста. Позднее акцент сместился на секторальную поддержку тяжелой

промышленности и поддержки военной технологии, электроники и телекоммуникаций. В 1970-е годы, нефтяная промышленность была интегрирована в арсенал промышленных инструментов политики.

Менее состоятельный подход, ориентированный на развитие началось в 1980-х годах, с приходом к власти консервативного правительства К.Виллока, которое отказалось от системы «кредитного социализма» и дерегулирование кредитного рынка. Однако, это не оказало значительное влияние на отраслевую структуру, где выросло доминирование нефти.

В 1990-е годы, политический акцент явно смещается в сторону разработки более широких технологических и научных возможностей, которые должны служить для укрепления норвежской инновационной системы в целях расширения норвежской промышленности. Основная попытка разработать более сильные производственные и технологические возможности была реформа системы финансирования научных исследований в 1993 г. В то время, Норвежский совет по научным и промышленным исследованиям (NTNF), являлся основным инструментом технической политики, которая была объединена с другими отраслями в исследовательский совет Норвегии (RCN) [2, с.147]. Два подразделения в рамках RCN, один для промышленности и энергетики, а второй по науке и технике. Они действовали совместно чтобы интегрировать фундаментальные исследования и промышленное развитие в рамках одной организационной крыши.

Региональное измерение занимает центральное место в норвежской стратегии роста и промышленности на протяжении всего послевоенного периода и продолжает оставаться по сей день. Акцент региональной поддержки сместился от попыток передислокации промышленности в периферийные регионы к разработке общенациональной институциональной инфраструктуры для роста и инноваций. Основным средством для региональной поддержки инноваций является SIVA (Корпорация промышленного развития Норвегии), которому принадлежит большое количество научных парков, а также поддерживает основные региональные фонды и запускает ряд «девелоперских компаний». Недавние оценки показывают, что SIVA является эффективным институциональным сторонником небольших начинающих фирм, но и то, что она не смогла до сих пор развить сильную инновационную сеть. Таким образом, истории успеха высокотехнологичных и телекоммуникационных отраслей единичные явления с ограниченными комплексными и системными эффектами в региональной среде. Это подтверждает трудности в обеспечении структурных изменений норвежской экономики, несмотря на государственное вмешательство.

Международный статус норвежского исследования по-прежнему

вызывает некоторую обеспокоенность в политической системе. Расходы на НИОКР в Норвегии по-прежнему значительно ниже среднего показателя по ОЭСР, и норвежская исследования отстает от других скандинавских стран. В попытке реструктуризировать норвежские исследования, была предпринята попытка создания программы для стратегических исследовательских центров и была начата сосредоточение исследовательской среды. Тринадцать из этих центров были отобраны в конце 2002 года и получали ежегодную поддержку до 20 миллионов норвежских крон из Фонда исследований и инноваций. Фонд сам по себе является своеобразным ответом на слабость норвежских исследований. Она была создана в 1999 году, имеет капитал в 7,5 млрд крон, и выделяет более 400 миллионов норвежских крон на ежегодные исследования [3, с. 36].

Несмотря на усилия по усилению норвежского исследования и сосредоточения внимания на научных областях, дополнительное финансирование не способствовало укреплению международных позиций Норвегии. Только один центр в биомедицине и один в сфере телекоммуникации финансируется за счет национального бюджета. В то время исследования как остальные центры - норвежские твердыни проводят исследования в таких областях, как нефть и судоходство.

Некоторые критики считают, что региональные и промышленные концерны оказали влияние на данный процесс. Очевидно, что программа сама по себе не приведет к радикальному увеличению в «критических» областях биотехнологии, информационных технологий и современных материалов. Норвежская политика в области науки, а, по-прежнему опираться на существующие твердыни, и не развивает новые.

Но, тем не менее, следует отметить, что научно-исследовательский и инновационный фонд, исходя из политических инициатив, принятых в других странах, пошла на создание программы для функциональной геномике, и то что RCN имеет основные программы поддержки информационных и коммуникационных технологий, ориентированных на большое количество малых и средних предприятий. В 2000 гг. правоцентристское правительство представило программу по модернизации научно-технической инфраструктуры Норвегии. Основная целью которого было радикальное увеличения расходов на НИОКР, достигнув в среднем ОЭСР 2,5 процента от ВВП [4, с.82], и удвоение капитала Фонда исследований и инноваций. Кроме того, было объявлено, что RCN будет реорганизована, чтобы улучшить взаимодействие между фундаментальными и прикладными исследованиями. Тем не менее, маловероятно, что цель будет достигнута, если учесть, что корпоративные расходы на исследования и разработки, как ожидается, представляют собой самую большую долю

этого увеличения. Норвежская экономика по-прежнему базируется на сравнительно низких технологических секторах, где радикальные инновации или основные технологические разрывы являются редкими, и расходы на НИОКР соответственно является относительно низким.

Норвегия является богатой страной с экстремальным доминированием в одном секторе, нефтяная промышленность, которая консолидировала модели роста, основанной на экспорте сырья и импорта рафинированных товаров. На основе нефтяных доходов, норвежское государство в настоящее время работает большой профицит бюджета, в то время как инфляционное давление остается низким, чтобы из-за стабильности системы трудовых отношений. Последняя нехватка рабочей силы, вызвало большие повышения зарплаты [5, с.64].

Однако многообещающие цифры не должны заслонять необходимость развития отраслей и производств за пределами добычи сырья, если нынешние уровни благосостояния и роста должны быть сохранены после того, как запасы нефти будут исчерпаны. Система социального обеспечения и занятости была относительно успешно адаптирована к открытой международной экономике, и сделала это без особых потрясений на рынке труда или в политической системе, но исследования и инновационная система остается относительно слабо развитой по сравнению с мировыми. Можно утверждать, что это является результатом крайнего доминирования нефтяной промышленности, но и дирижистский роли государства в области промышленного развития. Кроме того, нет никаких политических инициатив для новой модели роста в ответ на вызовы экономики. Например, последняя избирательная кампания была сосредоточена на вопросах перераспределения расходов, а не на развитие производства и инноваций.

Норвегия, кажется, застряла в своей традиционной парадигме роста, который на данный момент является более чем достаточно, чтобы поддерживать полный рынок занятости труда и универсальный режим социальной политики. Вопрос, который еще предстоит ответить, заключается в том, как новая модель роста может быть поддержана, и как правительство может способствовать росту наукоемких отраслей промышленности. Хотя реформы исследований и поддержки инноваций сигнализировать более последовательную и специальную позицию по отношению к научно-исследовательским и технологическим инновациям, они не были интегрированы в более широкий пакет политики промышленной модернизации. Если отдельные политические инициативы достаточно, чтобы сломать доминирование нефтяной отрасли и установить новые двигатели роста, поэтому, вопрос открытый.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Kuhlmann S., Arnold E. RCN in the Norwegian Research and Innovation System. -Brighton: Technopolis. 2009. – 338 p.
- [2] Parker R. Industrial Transformation in Austria, Norway and Sweden // Industry and Innovation. - 2009. - № 7. - P.145–168.
- [3] Norway: Organization for Economic Co-operation and Development // Economic Outlook. – 2012. - № 4. – P.32–59.
- [4] Nielsen K., Pedersen O. The Negotiated Economy. Ideal and History // Scandinavian Political Studies. - 2008. - № 11. - P. 79–101.
- [5] Iversen T. Contested Economic Institutions. - Cambridge: Cambridge University Press, 2013. – 238 p.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ НОРВЕГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Йоханссон Софи,

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: gambitya@yahoo.com

Тірек сөздер: Экономикалық модель, Ғылыми-Зерттеулік және Тәжірибелік Конструкторлық Жұмыстар (НИОКР), мұнай өнеркәсібі, жаңғырту, инновациялық саясат.

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамның барлық салалары үшін маңызды болып табылатын және жоғары білім беру және ғылыми-зерттеу оқыту маңызды факторы болып табылады іргелі зерттеулер рөлін, талқылайды. Сонымен қатар, Норвегияның іргелі ғылыми-зерттеу сияқты мұнай-газ, алюминий және акваөсіру салалар сияқты салаларда байлық құру үшін негіз қаланды.

Норвегияда, негізгі зерттеуге арналған шығыстар зерттеу және дамыту жөніндегі жалпы ағымдағы шығыстардың шамамен 18 пайызын құрайды. Халықаралық, бұл өте қарапайым көрсеткіш болып табылады, бірақ бұл норвегиялық бизнес бар тек бірнеше компаниялар жеткілікті үлкен, болып табылады және өз іргелі зерттеулерді жүргізу үшін жеткілікті ресурстары бар екенін түсіндіріледі. Зерттеу шамамен төрттен үш жоғары оқу орындары мен университет колледждерде жүзеге асырылады, ал Норвегияда іргелі зерттеулер Аздап кемінде 7 пайыз, жеке сектор жүзеге асырылады.

Статья поступила 14.03.2017 г.

UPDATED TURKIC WORLD

Kabiyeva A.,

International Relations
Ablai Khan KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: almaty kz111@gmail.com

Keywords: turkic world, turkic speaking, updated, spiritual, modernization, cultural.

Abstract: In this article, we write about the resumption of the Turkic world and the influence of the Turkic-speaking countries on the development of integration processes in the modern world. The contribution of the Kazakh people to the progressive integration and development of cooperation among the Turkic-speaking countries is also considered.

ӘӨЖ 327 (5-015)

ЖАҢАРҒАН ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Қабиева А.Б.,

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2 оқу жылы магистранты,
мамандығы «6М020200 – Халықаралық қатынастар»,
Алматы, Қазақстан, e-mail: almaty kz111@gmail.com

Тірек сөздер: түркі әлемі, түркі тілдес, жаңарған, рухани, жаңғырту, мәдени.

Аңдатпа: Бұл мақалада түркі тілдес әлемінің жаңаруы туралы және түркі тілдес елдерінің әлемдегі қазіргі замандағы интеграциялық үдерістердің дамуына зор ықпалы туралы жазылған. Түркі тілдес елдердің өзара ынтымақтастығының өршуі және түркі тілдес елдерінің арасындағы қарым-қатынасты дамытып түркі халықтарының туыстығын, бірлігін ту етіп жүрген қазақ елінің зор үлесі туралы қарастырылған.

Қазіргі кезде өз тәуелсіздіктерін жариялаған түркі тілді Орта Азия мемлекеттері өздерінің аймақтық жер-су, қазба байлықтарын, экономикасы мен қоғамдық-саяси жағдайларын, шекарасын, рухани мәдениетін, білім-ғылымын, тілі мен атауларын орнықтыра түсуде. Мұның өзі – тәуелсіз ел жағдайына көшкен тамырлас түркі халықтарының өз Ата тарихын білуге, тарихи-мәдени мұраларын зерттеп, рухани құндылықтарын орнықтыруға деген қажеттілікті аңғартады. Бұл туралы еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...Түп-тамырымыз бір, тарихымыз, тіліміз, дініміз және мәдениетіміз ортақ. Біздер осы игіліктеріміз бен құндылықтарымызды жасампаздық жолына пайдалануымыз қажет», - деп көрсетті.

Еуразияның дәл ортасына орын тепкен ұлан-ғайыр қазақ даласы – өзін қоршай қоныстанған тамырлас түркі халықтарының тарихи қара шаңырағы, ортақ ұйтқысы. Сондықтан да түркі тілдес халықтар арасында «Қазақстан – Ата жұрт, Анадолы – Ана жұрт» деген аталы сөз қалған. Қазақ елінің қазіргі Астана қаласының Елордаға айналуы – қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін ерекше маңызды болды. Кезінде Түркия елінің тұңғыш президенті М.К. Ататүріктің Анкара қаласын жаңа түріктер үшін жаңа астана ретінде таңдағаны тарихтан белгілі. Атақты қолбасшы М.К. Ататүрік өткен XX ғасырдың отызыншы жылдарында: «...Әлемдегі тепе-теңдіктер өзгереді және түркі республикалары тәуелсіздігін жариялайды. Түркия Республикасы сол күндерге дайын болуы керек...», - деп айтқан көрегендік болжамының шындыққа айналғанына бүгінде бәріміз куәміз.

XX ғасырдың соңында тек түркі әлемі ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығы теңдесі жоқ дүбірлі де тарихи оқиғаларға куә болды. Мызғымастай болған Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы тамырлас түркі халықтары бірінен соң бірі өз тәуелсіздігін жариялап жатты. Одан бері аттай зулап өткен жылдар ішінде түркі елдері бірінен соң бірі өз тәуелсіздіктерінің 25 жылдық мерекелерін де атап өтті.

Сонымен қоса, тамырлас түркі халықтарының тарихы мен шежіресін зерттеу, орнықтыру, тарихымыздағы ақтаңдақтарды аршуда маңызды зерттеу жұмыстары қолға алынды. «Ақтаңдақтарды ашу» демекші, Кеңес Одағы кезеңінде жабық жатқан айтқызбай және айтылмай келген тарихи шындықтар көп еді. Бұл туралы: «...Бізге дейін Көк Түркінің дүниелерін қазақ халқына ешкім жақындатпады. Алдымен орыс ғалымдары зерттеді. Қазақтардан дұрыс маман шығармауға тырысты. Түркі жазбаларына ерекше ден қойып зерттеген Ғ. Айдаров, А. Аманжолов секілді ұлт ғалымдарын түркілердің мұралары сақталған Моңғолияға жібермеді. Сол кездегі солақай саясат Көк Түркінің билеуші тайпасы кім екенін айтпады. Бірақ оның бәрі таста жазулы тұр еді», - деп жазды тарих ғылымдарының докторы, түркітанушы-ғалым Қ. Сартқожаұлы [1].

Жаңарған түркі әлемі тарихында айшықты орын алатын тарихи оқиғалар көптеп саналады. Мәселен, 2009 жылы Елорда – Астана қаласындағы Есіл өзенінің жағалауындағы саябақта Түркия елінің ұлт көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткіші ашылып, Алматыда Сүлейман Демирел атындағы Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қаласында Ахмет Иасауи атындағы Қазақ-Түрік университеті құрылды.

Ал Түркияның астанасы Анкара қаласында Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңселі ескерткіші бой көтеріп, күй анасы – Дина Нұрпейісова атындағы саябақ абаттандырылды. Бұл игі шаралар – Түркия мен Қазақ елінің ғана емес, жалпы түркі дүниесін тереңдете зерттеуге, түркі әлемінің жақындасуына, жаңғыруына, тамырластық қарым-қатынастардың тереңдей түсуіне бағытталды. Сол сияқты 2011 жылы өткен түркітілді елдердің 1-ші Саммитінің шешіміне сәйкес сегіз тілде дайындалатын «Түркі дүниесі» альманағы мен алты тілде дайындалатын «Түркілік тәрбие» антологиясы жыл сайын шығарылатын игілікті іске айналды. «...Бұл еңбекті шығарудағы мақсат – түркі дүниесінің әр алуан құндылықтары мен рухани қазыналарын барынша насихаттау, оларды бүгінгі және болашақтың игілігіне айналдыру, түркілік тәрбиенің алатын орнын айқындау», - деп жазды академияның ғалым хатшысы, профессор Б. Әбдіғазизұлы [2].

«Түріксой» аталатын Түркі Әлемі Ұйымының шешімімен 2012 жыл – «Астана қаласы – түркі әлемінің мәдени астанасы жылы» деп жарияланды. Осы айтулы шараның жобасына 200-ге тарта түркілік мамандар қатысып, 150-ден аса алыс-жақын елдерден қонақтар келді. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Түркия елінің сол кездегі Мәдениет министрі Э. Гюнай: «...Қазақстанның бас қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы атануы тарихи оқиға. Қазақстан халқы мен ел президенті Н.Ә. Назарбаев жалпы түркі дүниесіне Астана сынды абыройлы және қонақжай қала сыйлады. Астана – Еуразияның

жарқыраған жұлдызы», - деп атап өтті [3]. Астанада өткен осы тарихи шара аясында Қазақ елінің тұңғыш Президентінің музейінде «Түркі әлемі» атты көрме ұйымдастырылды.

Жаңарған түркі әлемінің айшықты құндылықтарының біріне – Әбунасыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультеті жанынан «Көшпелілер өркениетін зерттеу орталығының» құрылуы болды. Бұл іс – «Халық тарих толқынында» атты Мемлекеттік Бағдарламаға сәйкес тамырлас түркі халықтарының өткен және бүгінгі жаңарған тарихын шынайы түрде зерттеп-орнықтыру, жаңаша көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

Түркі тілдес елдердегі қазіргі заманғы интеграциялық үдерістердің дамуына зор ықпал жасап, түркі халықтарының туыстығын, бірлігін ту етіп жүрген Қазақ елі Президентінің көреген саясатын баяндайтын «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – әлемдік ауқымдағы көшбасшы» атты еңбек Түркия елінің астанасы Анкара қаласында жарыққа шықты. Еңбекке – Түркия мен басқа да түркі тілді мемлекеттердің көрнекті қайраткерлерінің жазбалары, пікірлері, мақала-очерктері топтастырылған. Аталған еңбек Қазақ – Түркия елдері арасындағы мәдени ынтымақтастық пен бауырластыққа барынша қызмет ететін маңызды жәдігер саналады.

2013 жылдың тамыз айының соңғы күндерінде түркі дүниесі тағы бір айтулы жаңалықпен толықты. Шығыс Қазақстан облысының орталығы – Өскемен қаласында «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» деген тақырыпта екінші халықаралық Форум болып өтті. Бұл тарихи жиынға әлемнің он беске тарта елі мен Ресей Федерациясы құрамындағы түркітілдес республикалардың өкілдері қатысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Форумға жолдаған құттықтау хатында: «...Алтай өркениетінің жаңғыруын – түркі тегінің жаңаруы деп білемін. Ата тарихымыздың бастауы – Алтайдан табылған рухани құндылықтарды игеруге мүмкіндік ашуы тиіс...», - деп көрсетілген. Ал Түркия елінің сол кездегі Президенті Абдулла Гүлдің құттықтау хатында: «...Халықаралық Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» форумының осымен екінші рет өтіп жатқанына қуаныштымын. Орта Азияның жері Алтай – түркі дүниесін құрайтын түркітілдес халықтардың орналасқан ортақ үйі. Достығымыз, бауырластығымыз, ынтымақтастығымыз, туыстығымыз нығая берсін...», - делінген. Осы Форум асында Астанада – «Хақасия және Алтай жартас петроглифтері өнері» көрмесі ұйымдастырылды. Мұның өзі тамырлас түркі халықтарының тереңге тартар тарихының жарқын беттерін айғақтай түсті.

Жаңарған түркі әлемінің тағы бір айтулы да маңызды іс-шараларының бірі – «Түркі әлемі Журналистер Одағы» мен «Түркі әлемі» атты телеарнаның құрылуы болды. Өз жұмысын бастаған

телеарна қазіргі кездің өзінде түркі елдері мен шетелдік көрермендерге терең тамырлы, сан салалы, өркениеті дамыған түркі халықтары тарихынан сыр шертуде. Бүгінде түркі халықтарының жалпы саны 300 миллионға жуықтады. Олар Жерорта теңізі жағалауынан бастап Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі ұлан-ғайыр жерге орналасқан алты тәуелсіз мемлекеттерді құрап отыр. Түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың бір кезде бір ұлт болып түркі өркениетін қалыптастырғанын қазіргі кезде әлем ғылымы мойындаған зор жаңалық ретінде қабылдануда. Бұл жөнінде Висконсин-Медисон университетінің профессоры, түркітанушы-ғалым Юлай Шәміл-оғлы: «...Өте ерте замандардағы тарих – түркітілдес халықтардың тарихын бір-бірінен бөліп қарамайды. Деректер біздің бір кездері бір атадан өсіп-өнгенімізді дәлелдейді», -деп атап өтті. Осы тұрғыдан келгенде түркі дүниесі мен ұлттық тарихымызды жаңаша зерделеуге байланысты «Халық – тарих толқынында» аталатын Мемлекеттік Бағдарламаның маңызы ерекше зор. Осылайша, түркі әлемінің арасындағы рухани-мәдени байланыстардың орнығуына бастамашы, көшбасшы болып отырған тәуелсіз Қазақ елі – Жаңарған түркі әлемінің жаңа Орталығына айнала түсуде.

ӘДЕБИЕТ

[1] Сартқожаұлы Қ. Түркілер үшін ортақ тіл мен ортақ жазу болғаны дұрыс // Алаш айнасы. - 2009. - 5 наурыз.

[2] Әбдіғазыұлы Б. Антология арқауы – түркілік тәрбие // Егемен Қазақстан. – 2013. - 1 тамыз.

[3] Әбдіғаппар Қ. Түркі тілдес, түгел бол // Ана тілі. – 2012. - 1-7 наурыз.

REFERENCES

[1] Sartkozhauly K. Turkiler ushin ortak til men ortak zhazu bolgan durys. *Alash ainasy*. 2009. 5 nauryz [in Kaz].

[2] Abdigaziuly B. Antologiyaarkauly – turkiliktarbie. *Egemen Qazaqstan*. 2013. 1tamyz, 2013 [in Kaz].

[3] Abdigappar K. Turki tildes, tugel bol. *Ana tili*. 2012. 1-7 nauryz [in Kaz].

ОБНОВЛЕННЫЙ ТЮРКСКИЙ МИР

Кабиева А.Б.,

магистрант 2-го курса КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
специальность «бМ020200 – международные отношения»,
Алматы, Казахстан, e-mail: almaty kz111@gmail.com

Ключевые слова: тюркский мир, тюркоязычный, обновленный, духовный, модернизация, культурный.

Аннотация: В этой статье пишется о возобновлении тюркоязычного мира и о влиянии тюркоязычных стран на развитие интеграционных процессов в современном мире. Так же рассматривается вклад казахского народа в прогрессивное интегрирование и развитие сотрудничества среди тюркоязычных стран.

Статья поступила 14.03.2017 г.

УДК 1:316:3231(=512.122)

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ
ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

Раев Д.С.,

филос.ғ.д., профессор

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
«Халықаралық қатынастар» факультетінің деканы
Алматы, Қазақстан, e-mail: raev_53@mail.ru

Пралиев А.Т.,

«Халықаралық қатынастар», 2-курс магистранты
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан,
e-mail: praliyevabilay@yahoo.com

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, идеология, қазақстандық қоғам, ұлттық фактор.

Андатпа. Бұл мақалада «Мәңгілік Ел» идеясының аясындағы қазақстандық қоғамдағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың қызметтері мен қағидаларының орны қарастырылады. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бағытында кедергі бола алатын факторлармен олардың шешу жолдары анықталған.

Тәуелсіздік алғалы өз тағдырын еркін таңдау, жаңа мемлекетті құруға қатысты болу, елдің және оның азаматтарының болашақ ұрпақтарының тағдыры үшін ортақ жауапкершілік Қазақстан халқының негізгі құндылықтарына айналды. Қазақстандықтарға барлық этностар мен конфессиялардың, әлеуметтік топтардың өкілдерінің өмір салты мен әдет-ғұрыптарына, пікірлері мен идеяларына, сезімдері мен сенімдеріне жоғары деңгейде тағаттылықпен қарау тән. Сонымен бірге, Қазақстан этностарының этникалық мәдениетінің ұлттық құндылығы барлық қазақстандықтардың ұдайы баюы мен дамуының бастауы болып табылады.

Қазіргі ұлттық жаңару мен қайта өркендеудің дүниежүзілік маңызын әлі де таңғаларлық жағдай деушілер басым. Кейбір менменшіл ұлт өкілдері оны тағылық пен жабайылыққа да балайды. Дегенмен, ұлттық фактор – біз бұрын елемеген заңды тарихи, әлеуметтік құбылыс. Бұның негізгі мәні ұлттың өзін-өзі тануға ұмтылысында. Ұлттың өз болмысында жинақталған тарихи және әлеуметтік күш-қайрат ғасырлар тоғысында жарыққа шығып, жаңаша көрініске ие болып отыр.

Міне, сондықтан да саяси үдерістер контексіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың негізгі қағидалары мен қызметтерін осы бөлімде жан-жақты талдауға аламыз. 1990 жылдары Қазақстанда құндылықтардың өзгеріске ұшырауының төмендегідей белгілері айқындалды: ұжымшылдықтың біртіндеп жекешілдікке алмасуы; сезімталдықтың рационалдыққа алмасуы; идеализмнің

прагматизмге алмасуы; альтруизмнің эгоизмге алмасуы; демократиялық шешімдердің күштеу және әкімшілік арқылы шешілуіне алмасуы. Міне, осы жылдардағы құндылықтар біздің көзқарасымыз бойынша түрлі дәрежеде көрініс тапты, атап айтқанда мәселені күш арқылы шешу, агрессияшылдық, радикалдық, кінәлілерді іздеу, мықты басшыға деген сұраныс, аға буынның құндылықтарын көзге ілмеу, заң мен адамгершілік ұстанымдарға деген салғырттық.

Қазақстандағы бірегейлік құндылықтардың 1986-1995 жылдардан осы күнге дейінгі кезеңін Г.В.Малинин төмендегідей бөліп қарастырады: 1986-1990жж. – кеңестік саяси жүйенің бірегейлік құндылықтарының құлдырауы. Ашық ой-пікір білдіру осы кезеңнің әлеуметтік іс-әрекетінің алғашқы түрі болды. Осы кезеңде Қазақстан тұрғындарының бірегейліктерінің қалыптасуына 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының әсерімен ұлттық-этникалық бағыт-бағдарлар ықпал ете бастады. 1991-1993 жж. индивидтердің «ұлы держава азаматтары» белсендігі бірегейліктің дағдарысы орын алса, екінші жағынан, тәуелсіздіктің алуына байланысты бірегейліктің жаңа мазмұнға ие болуы. 1993-1995 жж. азаматтардың бірегейлік сана-сезімдерінде этникалық жағынан жіктелуі. Нақ осы кезеңде индивидтердің азаматтық бірегейліктерінің этникалық шығу тегі бойынша анықтау басымдық танытады. Мұндай үдерістің кеңінен орын алуына ұлттық-этникалық және 1993 жылы қабылданған Республика Конституциясындағы мәтінінде Қазақстанның дамудағы жаңа азаматтық өлшемдері күшейе түседі. 1995 жылдың тамызынан бастап бүгінге дейін Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет жариялаған екінші Конституциясының қабылдануымен Қазақстан азаматтарының жалпыазаматтық бірегейлігінің қалыптасуы [1].

Егер жоғарыдағы бөлімдерде қарастырылған жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасу кезеңдерін ескере отырып Г.В.Малининнің ұлттық бірегейлік құндылықтарын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жалғастыратын болсақ, төмендегі кезеңдерге бөле аламыз: 1995-2000 жж. Құндылықтардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде демократиялық құндылықтарға жол ашу және жалпықазақстандық құндылықтың қалыптасуы. 2000-2005 жж. ҚХА-ның, әртүрлі ұлттық бірлестіктердің Қазақстан азаматтарын ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуі. 2005ж. - қазірге дейін. Ұлтаралық қарым-қатынас барысында қалыптасқан жаңа қазақстандық құндылықтардың алға шығып, ашық, еркін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде демократияны қалыптастыру.

Ұлттық бірегейлік, ұлтаралық қатынас арасындағы қатынастар әлеуметтік-саяси үдерістерде құндылықтар жөніндегі әртүрлі

тұжырымдардың қалыптасуына жол ашты. Дегенмен, тәуелсіздік жылдары жоғарыда айтылған құндылықтардың қайта өзгеріске ұшырауы орны алды.

Әлеуметтанушы ғалым Г.С.Әбдірайымова өзінің «Қазақстандық қоғамның өзгеріс жағдайларындағы дәстүрлі құндылықтары» деген мақаласында жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты төмендегідей пікірді айтады: «Құндылықтарды қайта бағалау туралы пайымдай отырып, оның қоғамдық сананың барлық салалары мен деңгейлеріне, ең бірінші кезекте, қоғамдық психология мен идеологияға жататынын атап өтуге болады. Бүгінгі таңда біз жаңа идеяға, қазақстандық өркениет дамуының мән-мәтініне жаңа қоғамға иеміз. Жаңа құндылықтық жүйенің нобайларын сызу үшін солардың межелерін белгілеу қажет, осы межелердің сыртындағы кез-келген құндылықтар өзінің мәнін жоғалтады. Бұрын айтылғандай, құндылықтарды қайта бағалау қоғам өмірінің барлық салаларында жүреді, әрі ол ең алдымен қоғамның ең түбегейлі саласы ретіндегі экономикалық өмірін қозғайды» [2]. Сонымен жоғарыда айтылған әлеуметтанушы ғалымның пікіріне жүгінетін болсақ, аталған құндылықтар қоғам өмірінің негізгі салаларын толығымен қамтиды. Расында да, кеңестік дәуірде адамдардың санасына ұжымдық меншік қағидасы сіңіріліп, жекешілдік және өзіндік кәсіппен айналысу жат пиғылдың көрінісі, батыстық идеологияның ықпалы саналып құндылықтар деңгейіне жатқызылмаған болатын. Ал қазіргі кезде бұл құндылықтардың өзгеріске, яғни жағымды жағына қарай ойықаны баршамызға белгілі. Тәуелсіздік жылдары қабылданған Ата заңға байланысты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың әлемдік үлгідегі қағидалары қабылданып, қазіргі кезде толығымен жүзеге асырылуда.

Тәуелсіздік жылдарында демократияның ұлттық, жалпыадамзаттық қағидаларын халықтың құндылықтарымен үйлестіруге бағытталған нақты жұмыстар жүргізілді. Бұған қарамастан біздің елімізде, демократиялық қоғамды құру барысында, олардың өзара байланысының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу қажет. Ал, сонымен қатар, демократияның көпшілік мойындаған негізгі ұстанымдары бар. Демократиялық ұлттық құндылықтар халықтың ұлттық-мәдени және рухани-ізгілікті дәстүрлеріне, жалпыадамзаттық құндылықтар мен демократиялық қағидаларға, қуатты ақпараттық технологияларға негізделген. Олар төмендегі қағидаларға арқа сүйейді: еркін және демократиялық сайлау; ашық және халықтың алдында есеп беретін үкімет; адам құқығының басымдылығы; мемлекеттік органдардың сайланбалы болуы; Конституция кепілдік еткен сөз, баспасөз және ар-ождан бостандығы; заңның ұлықтылығы;

- азаматтардың саяси және экономикалық теңдігі; сайланбалы

органдар алдында тағайындау арқылы қалыптастырылған органдардың есеп беруі; көппартиялы жүйенің болуы; жалпыұлттық мәселелерді шешу үшін референдумдар өткізу;

- меншік формаларының алуан түрлілігі мен теңдігіне кепілдік беретін заңдардың болуы; оппозициялық бағыттағы ұйымдар мен олардың іс-әрекетінің еркіндігі; - қоғамда плюрализмнің болуына, яғни көзқарастар мен пікірлердің

- көптүрлі болуына кепілдік беретін заңдардың болуы [3]. Сонымен, жоғарыдағы қағидалар Қазақ мемлекетінің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы ұстанатын негізгі идеологиясының тамырын анықтайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан нарықтық экономикаға негізделген демократиялық қоғам құру мақсатын айқындады. Бұл жерде өзіндік ұлттық қағидаларын әлемде қолданыстағы жалпыадамзаттық қағидалармен үйлестіру үдерісін естен шығармау керек. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап, құндылықтар мәселесі қоғамның дамуындағы басымды мәселе болып табылады. Республикаға өзінің ұлттық құндылықтарын тиімді түрде сақтап қалуға ғана емес, сонымен қатар халықаралық аренаның тәуелсіз және беделді ойыншысына айналуға мүмкіндік берген көпвекторлық ұстанымы өзін өзі толық ақтап шыққанын өмір көрсетті. Қазақстан өзінің ұлттық құндылықтары мен ұзақ тарихына шын берілген, өзінің демократия мен құқықтық мемлекеттің жалпыадамзаттық қағидаларын мойындайтынын жариялаған мемлекет құрудың қайтымсыз жолына аяқ басты. 24 жыл аралығында Қазақстан тұрақты институттар мен серпінді экономикасы қалыптасқан елге айналды.

Қазақстан қоғамында адамгершілік құндылықтары, үлкенді сыйлау, отбасы институтына деген құрмет, қонақжайлық дәстүрі терең орныққан. Осының барлығы әртүрлі этникалық және діни ұстанымдағы азаматтардың өзара түсіністігі мен достығын нығайтуға әсер етеді. Алға қойған мақсатқа жету үшін мемлекеттің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған күш-қуатын төмендегі негізгі міндеттерді орындауға шоғырландыру қажет: этникааралық және конфессияаралық қатынастар саласында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың тиімді жүйесін қалыптастыру; Қазақстан халқының бірлігінің ұлттық құндылығы факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту; қазақстандық этностардың этномәдени, тілдік өзіндік ерекшелігін сақтау және дамытуға ықпал жасау; экстремизм мен радикализмнің көріністеріне қарсы әрекет ету, республиканың этностарының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру негізінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қылмыс жасалуды болдырмау [4].

Ұлттық құндылықтар саласындағы мемлекет саясатының базалық қағидалары мен бағдарларының жиынтығы болып табылатын осы бағдарламаны іске қосу төмендегі қағидалар негізінде жүзеге асырылады: этникалық шығу тегіне қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; этникалық, әлеуметтік тегіне байланысты азаматтардың құқықтарын шектеуге тыйым салу; мемлекеттің қауіпсіздігін жоюға, әлеуметтік, этникалық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған іс-әрекеттің алдын алу; мемлекеттік тілге және оның қоғамдағы рөліне құрметпен қарау; ұлттық құндылықтарды құрметтеу және этникалық мәдениет пен тілді дамытуға ықпал жасау; Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін өз маңынан тысқары жерлерде қорғау, шетелдерде тұратын отандастарға туған тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, тарихи отанымен байланыстарын нығайтуға қолдау көрсету [5].

Аталған салада мемлекеттің іс-әрекеті ҚХА-ның, этномәдени бірлестіктердің және азаматтық қоғамның басқа институттарының мемлекеттің елдің этностарының ұлттық құндылықтары саясатын жүзеге асыруға тиімді түрде қатысуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Сонымен, жоғарыда айтылған саяси құндылықтардың өзі саясат саласындағы жалпыадамзаттық құндылықтың бір бөлігі болып табылады. Саясаттану ғылымында аталған құндылықтар не реттеуші ретінде немесе адамдардың мінез-құлқы мен саяси өміріндегі басшылыққа алатын қағидасы болып табылады. Саяси құндылықтар адамдардың қоғамдағы басым саяси әрекеттерінің бағытын көрсететін және ондағы басты мақсаттары мен міндеттерінің қағидасы болып табылатын және басшылыққа алатын негізгі бағдары ретінде қарастырылады. Көптеген зерттеулерде, әсіресе америкалық зерттеу мектебінде осы саяси құндылықтарды талдау барысында сөз ең алдымен оны қалыптастырудағы мемлекеттің белсенді әрекеті жөнінде қозғалады. Шынына келгенде мемлекет тек белсенді қатысып қана қоймайды, ол осы құндылықтарды қалыптастыруды толық қадағалауда ұстайды және оны нормативтік құралдардың көмегімен реттеп отырады. Егер де жеке тұлға белгілі-бір балама құндылықтар жиынтығы негізінде, балама мінез-құлқын көрсетсе, оған әртүрлі тыйым салу шаралары қолданып, тіпті жазаға да тартылуы мүмкін. Іс-әрекеттің шектен шығу аймағы мемлекет тарапынан толық бақылауға алынады [6].

Азаматтық қоғамды қалыптастыруда жалпыадамзаттық құндылықтардың көрністері салыстырмалы сипатқа ие. Сондықтан ұлттық құндылықтарды демократиялық ұстанымдармен үйлестіру барысында төмендегі міндеттерді:

- қоғамның әртүрлі топтарының көзқарастарын «Қазақстан даңқты болашағы бар мемлекет» деген ортақ бір мақсатқа бағыттау негізінде; демократиялық үдерістерді біздің халқымыздың заңға құрметпен қарау, заңды сақтау секілді сапаларына сәйкес дамытуды қамтамасыз ету арқылы; демократияның жалпыадамзаттық ұстанымдарын елдің әрбір азаматының өмірлік қажеттілігіне айналдыру, саяси қарым-қатынастарда адамгершілік, рухани, ұлттық құндылықтардың басымдылығын қол жеткізу арқылы орындау керек.

Құндылықтардың тағы бір кепілі ұлттық қауіпсіздік болып табылады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары: заңдылық; адам құқығының басымдылығы; құқықтың ұлықтылығы; ұлттық құндылықты қорғаудың нақты және потенциалды қауіп-қатерлерге баламалы болуы; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы барлық құрылымдарға демократиялық азаматтық бақылау жасау; тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің теңгерімін сақтау, олардың өзара жауапкершілігі; атқарушы органдардың өкілеттілігін айқын түрде шектеу.

Осы ұстанымдардың біреуін бұзу ұлттық қауіпсіздікке, демократияға, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің теңгерімін сақтауға, олардың өзара жауапкершілігіне үлкен қауіп-қатер төндіруі мүмкін.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі алғашқы күндерінде қабылданған Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда біздің

еліміздің өмірлік маңызды мүдделері, яғни ұлттық мүдделері нақты айқындалған. Олар Қазақстан халқының іргелі құндылықтары мен талпыныстарын, оның тіршілік әрекетінің лайықты жағдайларына деген қажеттіліктерін, сонымен бірге оларды қалыптастырудың өркениеттік бағыттары мен оларды қанағаттандыру жолдарын бейнелейді.

Қазақстан нарығында орын алған құндылықтар өзгерісі қоғамның экономикалық жағдайына ғана емес, сонымен қатар, оның рухани бітім болмысына да өз әсерін тигізді. Міне бұл пікірді М.З. Изотовтың, В.Д. Дунаевтың, В.Д. Курганскаяның зерттеулерінен айқын байқауға болады. Яғни аталған нарықтық қатынас жағдайында азаматтық, адамгершілік, және ұлттық сана-сезімнің құндылық қасиеттері құрылымдық өзгерістерге ұшырады [7].

Қазіргі заманғы қазақстандықтардың ұлттық құндылықтарын қарастыру барысында қазақ өркениетінің тарихи-мәдени астары мен қазақ этносының қазіргі жағдайын ажырата білу керек. Әрине, қазақтар басқа халықтардан өзгеше болған және қазір де өзгеше, бірақ осы өзгешеліктің өркениеттік сипаты бар ма? Шындығына келсек, тереңде жатқан өркениеттік айырмашылықтар көбінесе дәстүрлі

мәдениеттерге тән, ал қазіргі заманғы бұқаралық қоғамдары оларды жояды.

Құндылықтың қызметтік мәнін әлеумет үшін маңызды заттың немесе идеяның барлық қасиеттері мен қызметтері құрайды. Олар қандай да бір топ үшін құнды болуымен анықталынады. Мысалы, нақты бір тұлға үшін кез-келген әрекеттің немесе идеяның нақты мәні алдын ала анықталған.

Құндылықтың тұлғалық мәні дегеніміз оның адамның қажеттіліктеріне қатынасы. Ол мән екі факторға тәуелді құндылықтың қызметін орындайтын объектінің өзіне және адамның өзіне деуге болады. Заттың мәнін ұға отырып, адам өзінің оған деген мұқтажығын тек табиғи қажеттіліктерге ғана емес, қоғамның тәрбиелеуі нәтижесінде қалыптасқан қажеттіліктерге де байланысты анықтайды. Жеке адам оқиғаға немесе затқа қоғам, адамдардың дәстүрлі қатынасы тұрғысынан қарайды. Адам заттардан олардың түрлік мәнін, заттың идеясын іздейді. Адам үшін ол заттың мәні болып табылады.

Сонымен, жалпыадамзаттық құндылықтардың қызметі дегеніміз, ең алдымен қоғамдық-саяси санаға осы құндылықтардың тікелей әсер етуі негізінде орындалатын белгілі бір қағидалар жүйесі, әлеуметтік-саяси ережелер, әлеуметтік саяси қарым-қатынастар мен әлеуметтік саяси тәжірибелер. Жалпыадамзаттық құндылықтар әлеуметтік-саяси үдерістерде келесі қызметтер атқарады: тәрбиелік, бағалау, реттеу, сатылау, біріктіру, жинақтау және дүниеге деген көзқарасты қалыптастыру, сонымен қатар, тағы да басқа қызметтерді атқара отырып, саясаттану ғылымының зерттеу нысаны болып табылады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың негізгі екі қасиетін атап өткеніміз жөн, олар – қызметтік және тұлғалық мәні. Құндылықтардың негізгі қызметтерінің түрлеріне тоқталайық. Жалпыадамзаттық құндылықтарға деген бетбұрыс бұрындары ұмыт болған құндылықтарды қайта жаңғыртты. Саясаттану ғылымында этникалық бірлестік өзінің тұрақтылығымен басқа әлеуметтік топтар алдында сөзсіз басымдылыққа ие екендігі айқын көрсетіледі. Этномәдени құндылықтар «уақыт тозаңына» көмілгенімен кәзіргі ақпарат тасқыны кезеңінде бағыт көрсетер шырақ ретінде көрініс береді. Адамның неғұрлым ақпараттық мүмкіндігі арасындағы алшақтық ұлғайған сайын және ақпараттық жағдайдың күрделенгеніне қарай оның этникалық санасы мен өзіндік сезімінің эмоционалдық жағдайы неғұрлым күшейіп, «әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас жасауына, бір-бірін түсінуде жалпыадамзаттық негіз іздеу» [8], өзінің шыққан тегіне тартып, ана тілін пайдалануға деген талпынысы күшейіп, өнегелік құндылықтарды, салт-жоралғыларды, дәстүрлі еңбек бейімділіктерін қалпына келтіруге ұмтылатынын байқауға болады.

Міне, сонымен, саяси үдерістер мәтiнiндегi ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың негiзгi қызметтерiн талдауға көшетiн болсақ, төмендегi жағдайларды байқаймыз. Ұлттық құндылықтардың қызметi әрқилы және әрқырлы болып табылады. Ұлттық құндылықтар арқылы адамның мiнез құлқының реттелуi таңқаларлық нәрсе, өйткенi ол адамдардың қоғамдағы белгiлi бiр нормалар мен қағидалардың мәтiнiне бағынатындығын көрсетедi. Олардың тиiмдiлiгi адамдардың қаншалықты iшкi дүниесiнiң соған деген сенiмдiлiгiмен рухани өмiрiнiң бiр бөлiгi бола алғандығына қарай орындалады.

ӘДЕБИЕТ

1 Молдабеков Ж.Ж. Национальная культура: казахстанская модель// Современная цивилизация и проблемы повышения конкурентоспособности национального государства: Материалы науч.конфер. 10-11 июля 2008г. - Алматы, 2008.

2 Әбдірайымова Г.С. Қазақстандық қоғамның өзгеріс жағдайларындағы дәстүрлі құндылықтары // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2008. - № 2.

3 Қуанышбаева Ж.Ж. Саяси үрдістер контексіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың негiзгi қағидаттары мен мiндеттерi: Кеден саясаты және ұлттық қауiпсiздiк. с.ғ.д., проф. Ә.И.Шалтықовтың 75 жылдық мерейтойына арналған халықар.ғыл.-практ.конф.материалдары. 25-26 сәуір 2014ж./ Жауапты: ред.:ә.ғ.д., проф. Т.Ж.Қалдыбаева, с.ғ.к., доцент Ш.Қ.Абеуова. Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, Ұлағат. – 2014. – 261 б.

4 Kuanysbayeva Z. Peculiarities of the Formation of National Identity of the Kazakh Diaspora // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. - Volume 14, Issue 7. - P.914.

5 Kuanischbajeva Sh. Nationale und gesamtgesellschaftliche Werte in der multinationalen kasachstanischen Gesellschaft / Herausgeber: Prof. Dr. Rauschanbek B. Absattarov, prof. Dr. Johannes Rau //Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans / Obersetzung: Prof. Dr. Johannes Rau. Lektorat: prof. Dr. E.E.Dujenov, prof. Dr. Z.K.Schaukenova. – Berlin: Verlag Dr.Köster,– 2013. – P.107.

6 Самсонова Е.А. Политические ценности российской молодежи в условиях социально-политических трансформаций 1990-х годов: дис. к.полит.н. - Саратов, 2008.- С.13.

7 Изотов М.З., Дунаев В.Д., Курганская В.Д. Специфика модернизации политической сферы: мировой опыт и Казахстан// Опыт модернизационных реформ в Центральной Азии: модель и перспективы Казахстана. – Алматы, 2004. – С.117.

8 Мукажанова А.Ж. Общечеловеческие ценности в культуре межнационального общения // Вестник АГУ. – 2005. – № 4. - С.19.

**“ETERNAL COUNTRY” IDEA:
SERVICES AND PRINCIPLES OF NATIONAL AND UNIVERSAL VALUES**

Raev D.,

Doctor of Philosophy, professor
Dean of the Faculty of International Relations, Ablai khan KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, E-mail: raev_53@mail.ru

Praliyev A.,

2-year MA, “International Relations”, International Relations
Ablai khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: praliyevabilay@yahoo.com

Keywords: national values, ideology, kazakhstani society, national factor.

Annotation. In this article “Eternal country” of Kazakhstani society within the framework of the idea of this article is considered the place of services of national and universal human values and principles. In the direction of national values determined factors that can interfere with the ways of their solution.

**«ВЕЧНАЯ СТРАНА»: ИДЕЯ НАЦИОНАЛЬНОГО И
ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ
УСЛУГИ И ПРАВИЛА**

Раев Д.С.,

д. филос.н., профессор,
декан факультета международных отношений
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, e-mail: raev_53@mail.ru

Пралиев А.Т.,

магистрант 2-курса специальности Международные отношения,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: praliyevabilay@yahoo.com

Ключевые слова: Национальные ценности, идеология, казахстанское общество, национальный фактор.

Аннотация. В данной статье рассматриваются принципы и роль национальных и общенародных ценностей в казахстанском обществе через призму идеи «Мәңгілік Ел». Выделяются основные препятствия в формировании ценностей и возможные пути их преодоления.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР және АЙМАҚТАНУ» сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ и РЕГИОНОВЕДЕНИЕ»

BULLETIN
of Ablai Khan KazUIRandWL
series «INTERNATIONAL RELATIONS and REGIONAL STUDIES»

1 (27) 2017
ISSN 2411-8753

Отв. за выпуск тиража
Директор издательства: *Есенғалиева Б.А.*

Технический редактор,
компьютерная верстка: *Кынырбеков Б.С.*

Подписано в печать 30.03.2017 г.
Гарнитура “Times New Roman, MS Minsho”
Формат 70x90 1/8. Объем 13,43 п.л. Заказ № 336. Тираж 300 экз.
Отпечатано в издательстве “Полилингва”
при КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-09
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru